«Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі» - тарихымызға қарасақ болған-болмаған адамзаттың жетістіктерінің барлығы адам бойындағы шығармашылық қабілетінің болуы. Алысқа қарамай өзімізді алсақ, өмірімізде жеткен жетістіктеріміз өзіміздің шығармашылығымыздың арқасында.

Дефектология саласында әсіресе елімізде жаңа дамып келе жатқан инклюзивті оқыту бағытында белгілі бір жетістіктерге жету үшін шығармашылық ойлау өте қажетті, бұл - дамыта оқыту, балалар бойында шығармашылық қабілетті дамыту. Даму бұл - шығармашылық, шығармашылық бұл - даму.

*Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Специальная педагогика», №3-4(30-31) 2012 г.*

Жұмыс барысында балалар бойындағы әртүрлі қалыптасып қалған кемшіліктерді көрген мамандар, сол кемшілікті түзетудің жолын табу үшін шығармашылық қабілеттерін қолданады, ізденеді, ақыр соңында шешімін табады. Егер де дайын қалыптасқан тұлға, мамандықтың өкілі, осындай қиын мәселені өз күшімен, шығармашылығы арқылы осындай қиын мәселені шеше алса, бойына шығармашылығы құйылған мүмкіндігі шектелген ересек болсын, бала болсын, шығармашылықтың арқасында бірталай қиын мәселелердің шешімін таба алады, сондықтан неғұрлым мұғалім-дефектолог баланың дамуында шығармашылық қабілеттерін дамытуға көңіл аударса, соғұрлым баланың болашақ дамуы, әлеуметтенуі де тез жүреді. Демек шығармашылық даму екі жақты процесс болып, мұғалім де, оқушы да шығармашылық қабілеттерін дамытса мүмкіндігі шектеулі баланың жалпы білім беретін мектепте әлеуметтенуі де тез жүреді.

Қарағанды қаласындағы №27 жалпы білім беретін орта мектебінде етек алған «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектепте инклюзивті оқыту» эксперименті аясында біздің маман дефектологтар мектеп ұжымымен танысу барысында және ұйымдасқан жұмыс барысында ұстаздардың үлкен қолдауын көріп, олардың экспериментке шығармашылық көз-қараспен қарап, алғашқы жеңістерге жетуі, шығармашылық ойлаудың жемісі. №27 ЖББОМ қабырғасында жоғарыда аталған эксперимент желісі аясында мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік, медициналық және әлеуметтік жетектеу (қолдау) қызметі жұмыс атқаруда, сонда жұмыс атқаратын қызметкерлер өздерінің біліктіліктеріне, жұмысына шын сүйіспеншіліктеріне қоса жоғары шығармашылық қабілеттеріне ие. Осы қасиеттер арқасында болашақ эксперимент жемісті аяқталып, инклюзивті оқыту ауырпалықсыз елімізде орнығады деген үміт болжағалы жатыр. Дегенмен де қазіргі кезде де, қаншалықты аз уақыт өткеніне қарамастан ӘМПЖ қызметінің жетістігі мен жұмыс мазмұны көлемді делінді. Бұның барлығы айтылғандай қызметіміздің жоғары жауапкершілігі мен шығармашыл ойлаудың биіктігінің арқасы.

Шығармашылық іс-әрекет түрлерінің бірі ретінде жаңа, қалыптан тыс ізденістерге дем беріп, қоғамдық дамудың ілгерілеуін қамтамасыз етеді. Шығармашыл ойлау жаңа идеяларға, қоғам жаңалықтарын ашу мен жаңа шешімдерге қол жеткізіп, мәселелердің түбегейлі, бұрын-соңды болмаған жолдармен анықталып, өріс алуына мүмкіндік беретін ойлау әдіс-әрекеті.

Қорыта келе, тұлғаның көркем өнерлі типі дүниені көркем бейнелер түрінде меңгереді, оларды жасаудың тегіктерін игереді, эстетикалық бағыты мен дүниетанымын жариялау үшін сөз саптау, бой көрсету, мәнерлі дыбыстау жүйелерін қарастырады. Осындай өнерлі шығармашыл адамдар арасында рухани үндестік, психикалық бірлестік, құндылықтарға деген ортақ баға орнығады. Осындай қоғамда өскен келешек ұрпақ сондай қасиеттерге ие болады. Жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып, баланың қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкіртіміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі. Сондай қасиеттерге ие болған ұрпақтан қалыптасқан болашақ қоғам дефектология саласындағы көптеген мәселелерді тіпті дефектология саласын жоққа шығарады деп үмітгерлік. Эр шынайы дефектолог, дефектология саласында қызмет атқара келе, мүмкіндігі шектелген тұлғаларға көмек беріп, мүмкіндігі шектеулі тұлға деген ұғымды жоюға тырысу керек. Өйткені есі сау ұрпақтан қалыптасқан сау қоғам дефектологтарда қажеттілік көрмейді.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан газеті, 02 наурыз, 2006 ж.

2. Мұқатаева А.Н. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту ерекшеліктері. -мақала, -Павлодар, 2009.

3. Интернет ресурстары <http://nex.kz/index.php/1722->

4. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздың шығармашылық - Алматы, 2007 ж.

5. Тұрғынбаева Б. А. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту - Алматы, 1999 ж.

6. Білім сапасын арттырудағы мұғалім шығармашылығының ролі. Ошақбаева Гүлзайра Құлмасқызы 2011 ж.

#### Резюме

В статье рассматривается необходимость развития творческого мышления в процессе инклюзивного образования.

#### Summary

The article discusses the need for creative thinking in the process of inkl'flzivnogo education.





К.Д. Махамбетова

Қазіргі таңда елімізде жыл санап мүмкіндігі шектелген балалар саны артуда. Осыған орай Қазақстан қоғамының алдында мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын қорғау мен оларға тең құқылы сапалы білім беру өзекті мәселеге айналып отыр.

Отанымызда мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқығы мен мүмкіндіктеріне байланысты арнайы білім беру, оларды туғаннан бастап әлеуметтік және медициналық- педагогикалық қолдау, білім алуды ақысыз пайдалану құқығын жүзеге асыру еліміздің бас Конституциясында, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық - педагогикалық түзу арқылы қолдау туралы» заңында, «Балалардың құқығын қорғау туралы» конвенцияда, « Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңдарда қарастырылған.

Мемлекетіміздегі білім беру саясатының басты міндеттерінің бірі тұлғаға өзінің өмірлік ұстанымын және еркін бағдарлау үшін қанағаттанарлық сапалы білім беру.

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға біріктіру, әлеуметтік бейімдеу, білім беру және тәрбиелеу, бала дамуының бұзылыстарын алдын алу және нәтижелі түзету үшін ең қолайлы жағдайлар жасау мақсатында инновациялық бағыттар жетілдіруде. Осыған сәйкес арнайы білім берудің болашақ бағыттарының бірі инклюзивті оқыту болып табылады.

Инклюзивті білім берудің іске қосылуына Біріккен Ұлттар Ұйымы ЮНЕСКО-мен «Білім алу қажеттігі ерекше адамдардың білім алуы саласындағы саясат пен практикалық іс-әрекет қағидалары туралы» қабылданған Саламанка декларациясының ұсынысы себеп болды. (Испания, 1994ж).

Инклюзивті оқыту термині білім алуында ерекше қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беретін мектепте оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Инклюзивтік білім беру баланың этникалық тегіне, діни сеніміне, экономикалық мәртебесіне және дамуындағы ерекшеліктеріне қарамастан, барлық балалармен білім алуына және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау процесі.

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында алғаш рет даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру процесіне қосу, оларды қолжетімді ортамен қамтамасыз ету, білім берудегі кедергілерді жөнү тетіктері анықталды. [1]

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ЮНИСЕФ БҰҰ Балалар Қорымен тығыз ынтымақтастықта даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беру ортасына тарту жөнінде зерттеулер жүргізді, зерттеу нәтижелері бойынша әзірленген ұсыныстар білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына енгізілген. Мұндай білім мүмкіндігі шектеулі балаларды өзге оқушылармен тең дәрежеде жалпы білім беру процесіне қатыстыруға жол ашады.

Инклюзивті оқытудың дамуы туралы ресми дерек «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» атап көрсетілген.

*Бағдарламаны жүзеге асыру барысында мына міндеттерді орындау қарастырылған:*

- Инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету бойынша 2020 жылға қарай мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылатын балалардың саны барлық мектепке дейінгі жастағы балалардың 70 %-нан 100 %-ға дейін артады. Оның ішінде 2016 ж. 79,5 %, 2017 ж. - 85 %, 2018 ж. - 90 %, 2019 ж. - 95 %, 2020 ж. - 100 %.

- 10 оқу бағдарламасы жаңартылатын болады, 30 оқу-әдістемелік кешен әзірленеді, оның ішінде 2016 ж. - 8, 2017 ж.- 8, 2018 ж. - 8, 2019 ж. -8 , 2020 ж.- 8 бірлік;

- Үй жағдайларында баланы тәрбиелеуде әдістемелік және практикалық көмек көрсету жөнінде ата-аналарға арналған 340 консультативтік пункт құрылады: 2016 ж. - 48, 2017 ж. - 58, 2018 ж. - 58, 2019 ж. - 58, 2020 ж. - 118 бірлік.

*2015 жылға қарай аталған міндетті шешу үшін қажетті нормативтік қиықтық база құрылады:*

- Инклюзивті білім беру шеңберінде жалпы және арнайы білім берудің өзара әрекетінің тетігі әзірленді;

- Мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары әзірленді;

- Жалпы білім беретін ортада мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың тәртібі әзірленді, дамуында әртүрлі бұзушылықтары бар балалар үшін біріктірудің нысаны анықталды;

- Мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың тәртібі әзірленді.

*Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Специальная педагогика», №3-4(30-31) 2012 г.*

- Мүгедек балаларға арналған 830 мектепте көтерме құрылғылар, пандустар, санитарлық бөлме-лерде арнайы аспаптар, арнайы парталар, үстелдер және т.б. арнайы компенсаторлық құралдар орнату арқылы «кедергісіз аймақ» құрылады.

- 3030 мектепте мүмкіндігі шектеулі балалардың оқуға және тәрбиеленуге тең қол жеткізулері үшін жағдайлар жасалады (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдедің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) [1].

Инклюзивті білім беру арнайы қажеттілігі бар балалардың білім алуларына нақты көмек бере алады. Инклюзия мүмкіндігі шектелген оқушылардың өзінің күшіне сенуіне мүмкіндік береді. Инклюзия тек дамуы шектелген балаларды ғана емес, басқа да балалардың мүдделерін көздейді. Ол қоғамда адамдардың бір-біріне деген көзқарасын өзгертіп, қоғамда тату өмір сүруге бейімдейді.

Инклюзивті оқытудың 8 принциптері:

У адам құндылығы оның қабілеттіліктері мен жеткен жетістіктеріне тәуелді болмайды;

У әрбір адам сезініп ойлауға қабілетті;

У әрбір адам қоғамда ескерілуге және қарым-қатынасқа құқылы;

У барлық адамдар бір-біріне мұқтаж;

У шынайы білім тек қана нақты арақатынастардың контекстінде іске аса алады;

У барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді;

У Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатынында;

У жан-жақтылық адам өмірінің барлық тараптарын күшейтеді;

Қазіргі кезде елімізде мүмкіндігі шектелген балалардың білім алуына қажетті жағдайлар жасаудың басым бағыттары айқындалған.

*Инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттары:*

- қоғамда мүмкіндігі шектелген балаларға деген толерантты қатынастың құрылуы. Осы мақсатта БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары), ұйымдар мен қоғамдық қорлардың бірігуі маңызды;

- нормативтік-құқықтық құжаттарды құру. Мұнда инклюзивті білім беру жағдайында оқытылатын баланың статусы, арнайы білім беруді ұйымдастыру, түзете-дамыту мен педагогикалық көмек көрсету, мүмкіндігі шектелген баланы қабылдайтын жалпы білім беретін мектептің немесе ұйымның статусы қарастырылады.

- дамуында ауытқулары бар балаларды ерте анықтау мен ерте көмек көрсету;

- инклюзивті оқыту жағдайындағы білім беру процесінде жалпы білім беретін мектептегі мүмкіндігі шектелген баланың жан-жақты дамуына қажетті нұсқалардың болуы шарт. Олар: баланы жалпы білім беретін мектептің бағдарламасымен немесе жеке оқыту бағдарламасымен жалпы сыныпта білім беру немесе арнайы топта оқыту; негізгі мектеп уақытында арнайы сыныпта арнайы бағдарламамен (ана тілі, математика, мәнерлеп оқу) оқытылса, уақыттың қалған бөлігінде қарапайым жалпы білім беретін мектептің бағдарламасымен (бейнелеу, еңбек, дене шынықтыру, эн-күй) игеріледі; бала тек қана арнайы сыныпта арнайы бағдарламамен ғана оқытғыша отырып мектеп өміріне де белсене араласады: балалармен бірігіп таңертеңгілік ас ішу, тәрбиелік шараларға қатысу, спорттық жарыстар мен басқа да мерекелерге белсене ат салысу;

- мүмкіндігі шектелген балаларды жетелеу (қолдау). Мүмкіндігі шектелген балалардың барлығына элеуметтік-педагогикалық, медициналық, психологиялық көмектің көрсетілуі қажет. ПМПК-ның кешенді зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша әр балаға психологиялық-педагогикалық профиль құрастыру, арнайы жеке оқыту жол бағдарламасын құру және сол бойынша ұсыныстар дайындалады;

- мүмкіндігі шектелген балаларды кәсіби еңбекке даярлау. Инклюзивті білім мүмкіндігі шектелген балалардың орта, арнаулы, жоғарғы орындарда тең құқылы білім алуын қамтамасыз етеді;

- жалпы білім беретін мектепте білім алуында ерекше қажеттілігі бар баланы оқытуда әдістемелік қарулану;

- кадрлық қамтамасыз ету;

- жалпы білім беретін мектепте білім алуында ерекше қажеттілігі бар баланы оқытуда заттық - техникалық жабдықталу. Физикалық мүмкіндік үшін (пандус, лифт, тұтқа т.б.). Оқытуды жүзеге асыру үшін (сыныптағы жұмыс бөлмесі, оқу мән жазуға арналған құрылғылар, арнайы көрнекі-дидактикалық материалдар).

- арнайы ғылыми зерттеулер жүргізу;



*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-31) 2012 ж.*

- инклюзивті білім беруді дамыту процесіне ата-аналар мен қоғамдық ұйымдарды тарту; [2]

*Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру негізгі 4 бағытта жүргізуі тиіс:*

> Жұмыстың диагностикалық бағыты. Балаға МДБҰ консилиум мамандары кешенді динамикалық бақылау жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Консилиум құрамына меңгерушінің (директордың) бұйрығымен дефектолог мұғалім, логопед, практикалық психолог, дәрігер, топ тәрбиешісі енгізіледі.

> Жұмыстың түзетушілік-дамытушылық бағыты. Жеке басқа тұтасынан эсер ететін шаралар кешенін қарастырады, жетекші эрекет түрін қалыпқа келтіру және жетілдіру, жеке даму кемшіліктерін түзету.

> Жұмыстың жалпы білім берушілік бағыты. Балаларды қоғамдық тәжірибені меңгеру тәсілдеріне үйретуді, әрбір жас кезеңіне тән олардың танымдық белсенділігін дамытуды, сондай-ақ баланың жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып мектепте оқуға даярлауды қарастырады.

> Әлеуметтік-тәрбие жұмысы. Төмендегідей әлеуметтендіру мәселелерін шешуге бағытталған:

- бала мен оның отбасының дербестігі мен автономиясын арттыруға;

- дамуында ауытқушылығы бар тәрбиеленушілердің қалыпты дамыған күрдастыра арасында ерте,

толыққанды әлеуметтік кіріктіруді;

- баланың эрекеті мен мінезіндегі адамгершілік бағыттарының қалыптасуына;

- жеке басының оң сапаларын тәрбиелеуге. [3]

Инклюзивті білім берудің негізгі басты принципі ол осы бағыттағы білім беру процесінің өзгермелілігі және осы тұрақты өзгерістерге жауа бере алуында.

Осы аталған бағыттар бойынша бірінші табысты адымдар Қарағанды қаласындағы №27 ЖББОМ «Мүмкіндігі шектелген балаларды жалпы білім беретін мектепте инклюзивті оқыту» жобасында жүзеге асырылып жатыр. Бұл білім беру кеңістігінде психикалық дамуы тежелген балалар, аутист, сөйлеу тілінің бұзылысы мен мінез-құлық бұзылысы бар балалар жалпы қалыпты балалармен бірге оқытылып, дамып, тәрбиеленуде.

Инклюзивті білім беру мектебінің басты мақсаты- барлық балаларға бағалы өмір сүру мүмкіндігін беру, білім алуында ерекше қажеттілілі бар баланы ұжымға белсене қатыстыру, қоғам бірлестігінің бір мүшесі ретінде бір-біріне деген көмек қолын созуды ұйымдастыру.

Инклюзивті білім берудің маңызды шарттарының бірі ол адамдардың стереотипті көзқарасын, мүмкіншілігі шектелген балаларға қарым-қатынасын өзгерту, балалардың бірігуін (интеграциялануын) қамтамасыз ету, қоғамның теріс көзқарасын жою. Ал көзқарасты, сананы өзгерту- бұл адамның рухани өсіп дамып, жетілуі үшін ең қиын да күрделі, ұзақ, еңбекті жұмыс.

Біз мүмкіндігі шектелген балаға кеміс бала деп қарамай, оның ішкі әлеміне үңіле біліп, оған ерекше қамқорлық танытып, оны өзіндік ерекшеліктері бар жеке тұлға ретінде қабылдауды үйренуіміз қажет. Осындай қарым-қатынас отбасында да қалыптасуы шарт. Әрбір ата-ана баланың мүмкіншілігіне, қабілетіне сеніп, үнемі қолдау көрсетуі керек, Сонда ғана біз «ерекше» балаларға өз әлемімізден орын ұсына аламыз. Сонда ғана ұзақ та күрделі инклюзивті білім беру процесі нәтижелі де жемісті болмақ.

Ал бұл өз кезегінде ХХІ ғасырдағы жаһандану үрдісіне сай еліміздің одан әрі өркендеуі мен дамуына тиісті үлес қосу. Білім беруді жаңғырту мен бәсекелестікке қабілеттілікті көтерудің қажеттілігі де осында.

**1.** Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010 ж.

**2.** Концепция развития инклюзивного образования в Республике Казахстан. <http://www.special-edu.kz/>

**3.** Инклюзивті топтарда білім беруді ұйымдастыру қандай бағытта жүргізілуі тиіс. <http://shop.mcfr.kz/>

### **Резюме**

В статье рассматриваются основные направления и перспективы развития инклюзивного образования в РК.

### **Summary**

The article discusses the main trends and prospects of development of inkl'uzivnogo education in the Republic of Kazakhstan.



**А.А. Сарсенбаева**

Соңғы жылдары дамуында күрделі кемістігі бар балалар санының қатары дүние жүзінде көбеюі мен оларға біліктілік тұрғысынан көмек беру бойынша ғылыми-әдістемелік нұсқаулықтардың жоқтығы қазіргі арнайы әдебиеттерде дамудағы күрделі кемістік мәселесінің көкейкестілігін арттырып отыр. Бүгінгі күннің тәжірибесі біріккен әртүрлі кемістіктері бар балалардың барлық типтегі арнайы мекемелерде кездесетіндігін дәлелдейді. «Күрделі кемістік» түсінігі немесе қазіргі ғылыми айналымдағы «дамудағы күрделі кемістік» ұғымы әдебиеттерде әртүрлі тұжырымдалған.

Осы ұғымдар қарастырылған арнайы әдебиеттер мен зерттеулерді жан-жақты талдау негізінде «дамудағы күрделі кемістік» бойынша, көп түрлі ұғымдар бар екендігін байқалды. Осы ұғымның синонимдері болып «дамудың күрделі зақымдануы», «дамудың күрделі бұзылыстары», «біріккен зақымданулар», «аралас зақымданулар», «жиынтық кемістіктер» «ауыр және көп зақымданулар» және т.б. табылады.

Н.М.Назарова балалардың күрделі зақымдануына бір индивидтің басында екі және одан көп бастапқы психофизиологиялық кемістіктердің бірігулерін (есту мен көруі бұзылуы, зияты мен есту қабілетінің бұзылысы, есту қабілетінің зақымдануы мен церебральдық паралич, көрудің бұзылуы мен балалар церебральдық параличі және т.б.) жатқызады.

Қазіргі уақытта АҚШ-та балалардың көру мен есту қабілеті зақымдануымен қатар, оқытудың «көп кедергілеріне байланысты» арнайы бағдарламалары жұмыс істейді. Бұл термин бірнеше зақымдары бар, яғни ақыл-есі кемістердің қору немесе есту органдары зақымдануларымен бірігіп кетуін білдіреді. Бұл жағдайдағы «кедергі» оқыту міндеттерін қиындатады, өйткені бұл балалар бір кемістікке бағытталған арнайы мекемелерге орналаса алмайды.

С.Е. Гайдукевич көптеген зақымдануы бар ауыр форма тұрғысынан интеллектуалдық дамуы бұзылған балалардың көру, есту, дене құрылысының жетіспеушілігі мен тәрбиедегі қиындықтарының бірігуі деп түсіндіреді.

В.Н.Чулковтың пайымдауынша, күрделі кемістік дегеніміз баланың әлеуметтік бейімделуіндегі дамуының зақымдануы мен қиындықтарының құрылымын анықтайтын бірдей дәрежедегі екі немесе одан да көп бұзылыстардың бірігуі.

«Кемістіктің күрделі құрамы» және «күрделі кемістігі бар балалар» ұғымдарының теңестірілуі дұрыс емес. Л.С. Выготскийдің тұжырымдарына негізделі отырып, М.В. Жигарева әрбір тұрақты бұзылу бастапқы және кейінгі иерархиялық құрылымына ие екендігін анықтайды. Яғни, әр кемістік сатылы: бастапқы сатысынан және оның салдарынан (кемістіктің екінші сатысы) тұрады - бұл әр жеке кемістіктің күрделі құрамын білдіреді.

Демек, практикалық сұрақтардың дұрыс шешімі күрделі және күрделенген бұзылуларды анықтау барысындағы негіздемені нақты түсінуді талап етеді. Кешенді зақымданулар туралы мәселені аномальдық дамудың күрделі құрылымының негізгі ережелері туралы білімдер контекстінде ғана қарастыру мүмкін. Бұзылыстар бірігіп бір-біріне көп қырлы ықпал етеді және өзара күшейе түседі. Оның соңынан, бөлек бір зақымданудың қарапайым сомалық қосындысымен салыстырғанда сапалық және сандық тұрғыдан айтарлықтай дәрежі кері салдары болуы мүмкін.

Күрделенген зақымдану - бірқатар бастапқы зақымдануларға ие, бірақ оның біреуі негізгісі, одан кейінгісі жетекшісі болып табылатын аномальдық даму құрылымын анықтайтын, яғни екінші ауытқуға негіз болатын бұзылуды айтады. Сонымен бірге, екінші кемістік бастапқы болғанымен айқын көрініс таппаған немесе компенсацияға бағынады, дей тұрғанмен ол негізгі жетекші кемістікке ықпал етеді.

Бұдан басқа, бірқатар дерек көздерде «көптеген зақымданулар» ұғымы қарастырылып, баланың дамуындағы үш немесе одан да көп бастапқы бұзылулардың жиынтығы деп анықтама береді. Оның әрқайсысы кері ықпалды ауытқуға ие болатындығын білдіреді, мәселен, соқыр-кереңдіктің ақыл-естің зақымдануымен үштасуы.

«Күрделі кемістік» түсінігі немесе «дамудағы күрделі бұзылыс» әртүрлі әдебиеттерде түрліше беріледі. Терминологиядағы түсініктің дұрыс болмауы мына жағдайда болады, егерде күрделі кемістік деп, бастапқы кемістік екіншілік кемістікпен байланыста болғанда, біріншіліктің нақты ---

**30**-----

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-31) 2012 ж.*  
көрінуі, не кемістіктің білінбеуі кезіндегі құрылымдық негізгі элементтердің күрделенуі ретінде қарастырылған жағдайларда болады. Н.М. Назарованың белгілеуінше, «балалар кемістігінің күрделі құрылымы» мен «күрделі кемістігі бар балалар» түсінігін теңестіру дұрыс емес. Л.С. Выготскийдің концепциясына сүйене отырып, әрбір нақты бұзылыс біріншілік және екіншілік иерархиялық құрылымды иеленетінін белгілеуге болады. Практикалық сұрақтардың дұрыс шешімін табу үшін, күрделі және күрделенген бұзылыстарды анықтаудағы нақты түсініктілік қажет. Аралас бұзылыс жөніндегі сұрақтарды тек, дамудағы кемістіктің күрделі құрылымы контекстінде қарастыруға болады. Бұл терминдерді өзіміздің позициямыздағы мағынадан алшақтамай нақтылап көрейік.

М.Г. Блюмин (1989) өзінің қоршаған ортаға жүргізген талдауында, күрделі кемістіктің этиологиясы мен пайда болу ерекшеліктерін, сонымен бірге, бір баланың бойындағы әртүрлі кемістік қызметтерінің пайда болуы мен өзара бағыныштылығын сипаттай келе, мынадай қорытындыға келді, «күрделі кемістікке дамуында екі не одан да көп біріншілік кемістік болып, олардың әрқайсысында екіншілік кемістіктің пайда болуы, ондағы жалпы кемістік құрылымын күрделендіреді және орын толтыруын қиындатады. Күрделі кемістікке жататын даму бұзылысы жалпы және аралас болып келетін әртүрлі жүйе бұзылысының байланысы, т.б. патогендік жағдайдан туындауы мүмкін».

В.И. Лубовскийдің (1989) көрсетуінше, даму бұзылысы, көбіне, бір уақытта бірнеше анализатор бұзылысының жарақатынан анық көрінеді (есту және көру), немесе ми қабығының диффузды жарақатының бастауынан келесі кемістіктің сәйкестенуі (мысалы, көрмеу не естімеудің ақыл-ой кемістігімен сәйкестенуі). Бірнеше жарақаттан туындаған бұзылыс күрделі кемістік деп аталады.

Е.М. Мастоковтың (1988) белгілеуінше, жарақаттану бір уақытта бірнеше ағза қызметінің жүйесінде, не бас ми қабығының тотальдық дамымаушылығы мен басқа қызметгер жүйесінің жарақаттар жүйесімен сәйкестенуінде, не бөлек ми құрылымының жарақатының жалғасуында, ал кейде ми толығымен жарақаты кезінде болуы мүмкін. Ми құрылымының әртүрлі жарақаты (энцефалопатиялық) және дамымаушылық (дизонтогенетикалық) симптомдардың сәйкес келуі күрделі не күрделенген кемістікке алып келуі мүмкін. Күрделі кемістік - екі не одан да көп сәйкес бұзылыстардың бірдей деңгейде дамудағы ауытқушылық құрылымы мен балалардың арнайы бейімдеу қиындықтарын анықтайды. Күрделі кемістігі бар балалар арнайы бағдарламаны қажет етеді. Мысалы, бір уақытта есту және көру бұзылысы бар балалар (естімейтін және көрмейтін); естуінде ауыр бұзылысы бар және балалардың церебральды салдануы (ДЦП); олигофрения және көрмеушілік және т.б.

В.Н. Чулков (2001) бала дамуындағы күрделі кемістікке бір баланың бойында екі не одан да көп психофизиологиялық бұзылыстардың (көру, есту, сөйлеу, дұрыс көрмеу, ақыл-ой және т.б.) сәйкестенуі деп көрсетті. Мысалы, естімеушілік пен дұрыс көрмеу; көрмеушілік пен ақыл-ой кемістігі; тірек-қимыл аппараты және сөйлеу кемістігінің бұзылыстары.

Қазіргі арнайы әдебиеттердегі күрделі кемістік ұғымы біріншілік кемістік түрінде таньшады, мысалы, көрмейтін және естімейтіндер. Егер бұл атауға дамуындағы екіншілік кемістік қосылса, мысалы, «көрмейтін, естімейтін және мысқау» сөзіндегі «мысқаулық» - сөйлеудің мүлде болмауын білдіреді, естімеудің әсерінен пайда болған тек элеуметген қаланған т.б. екіншілік бұзылыстарды күрделі кемістік деп санау нақты емес және ескірген термин деп есептеуге болады.

Танымал ұлы ғалымдардың жасаған тұжырымдарын күрделі (аралас) кемістікті түсінуде және қалыптастыруда негізгі теориялық позиция ретінде қабылдауға болады. Күрделі кемістік ұғымына синоним ретінде, үш не одан да көп бұзылыстар (біріншілік), әрқайсысының жағымсыз қалдығы болатын, баланың дамуындағы бұзылысты ушықтыратын «көптеген бұзылыстар» термині қолданылады, мысалы, ақыл-ой кемістігі мен көрмейтін және естімейтіндер.

«Көптеген кемістіктерге, көбіне, бір баланың бойында бірнеше ауыр емес бұзылыстардың толық қатарын сәйкестендіруге болады, мысалы, бала бойында байқалмайтын моториканың, көрудің және есту бұзылыстарының әсерінен сөйлеу тілінің дамымауы мүмкін».

Осыған негізделе отырып, мынадай қорытындыға келуге болады: күрделі (аралас) кемістікке көрсетілген бірнеше біріншілік кемістіктер жатады, олардың әрқайсысының өзінше сипаттамасы мен дамуындағы ауытқушылық құрылымы болады. Барлық бұзылыстар бір-біріне әртүрлі әсер ете отырып, өзара күшейіп отырады. Мұндай жағымсыз қалдықтың әсерінен сандық және сапалық дисфункциясы қарапайым бөлек күрделі бұзылыстарға қарағанда қиындау болады.

Ертеректегі зерттеулерде, XX ғасырдың 60 жылдарының ортасында нашар көретін және көрмейтіндердің күрделенген формасына назар аударылды. Бұл зерттеулер негізінен нашар көретін

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-32) 2012 ж.*  
және көрмейтін балаларға арналған мектепке қатысты ғана болды, себебі ұзақ уақыт бойы нашар



*Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Специальная педагогика», №3-4(30-31) 2012 г.*

көретін және көрмейтін балаларды мектепке дейінгі кезеңде арнайы оқытпаған. XX ғасырдың 60 жылдары мүшедегі аурулар мен дамудағы зият бұзылысы бар балалардың жиілігін жоғарылауы естімейтін балалардың анықталуының өзгерісіне алып келді. Сол кезеңде, арнайы мамандар белсенді түрде туғаннан көрмеушілікке алып келетін анасының жүктілік кезіндегі және жүктіліктің бастапқы кезеңінде токсоплазмоз ауруына ұшырауының жаңа этиологиялық факторларын қарастыра бастаған. Соқырлық кезінде әртүрлі генетикалық факторлар көбейе түседі. АҚШ-та және Ұлыбританияда сол уақытта кеңінен таралған соқырлыққа алып келетін аурулар анықтала бастады, яғни ретролентальдық фиброплазия (шала туылғандардың ретинопатиясы) - аз салмақпен шала туылған балалардың дамуы. М.С. Певзнер сол жылдары-ақ, көру кемістігі бар балалардың жартысында орталық жүйке жүйесі жағының өзгеріске ұшырайтынына назар аударған. Психикалық өзгерістердің ауырлығына сай, бірінші орынға ол олигофренияны қойды (6,5%). Соқыр және зияттық бұзылыстары бар топтардың ішінде, оның ойынша, көбіне, интеллектуалдық бұзылысының түлғалық дамымауымен сәйкестігі көп кездеседі.

Оның келесі бөлген тобы - көру кемістігі және психикалық дамуы тежелген балалар. Бұл жағдайда эмоционалды ерік-жігер сферасы мен мінез-құлқында инфантильдік қырларының өзгерісімен сипатталады. Соқырлықтың күрделенген психикалық бұзылысының мүмкін болатын себебіне, М.С. Певзнер туберкулездік менингитті жатқызды. Психикалық өзгерістің ерекшеліктері, осы ауру кезінде оның пайда болу уақыты мен жаракаттың локализациясына байланысты болады. Оның ойынша, ми ісігінің жағымды сапасымен пайда болатын соқыр балалардың күрделенген формасына ерекше назар аудару қажет деп санайды. Бұл жағдайда, ісіктің өсуі және гидроцефалияның дамуының әсерінен психикалық процесс динамикасының бұзышысымен бірге, нейротанымдық жүйедегі атрофиялық өзгерістің сәйкестігі пайда болады.

Қазіргі таңда балалар дамуының әртүрлі категорияларын жоғары деңгейдегі технологиялар арқылы анықтауда күрделі және көптеген кемістіктің 20 түрін белуге болады, онда сенсорлық біріншілік сәйкестік, қозғалыс, сөйлеу тілі, қарым-қатынастағы эмоционалдық бұзылыстар, сонымен бірге, осындай кемістіктердің әртүрлі деңгейдегі ақыл-ой кемістігімен байланыста болуы көрсетілген (Т.А. Басилова, 2002).

Т.В. Розанованың (2003) көрсетуінше, естімейтін және естуінде ауытқушылығы бар балалардың 20-35%-нда орталық жүйке жүйесінің қалыптасуының жеткіліксіздігінен біріншілік психикалық дамуының тежелуі бақыланады. Тірек-қимыл салы бар балалардың 3-3,5% жиілігі есту кемістігі меселесімен кездеседі.

Қосымша бұзылыстардың (ақыл-ойында кемістігі бар балаларда) таралуы жөніндегі сұрақты О.Шпек, Г.Зондерзоргтің, Х.Барттың (1963), Ф.Хиллдің (1971) зерттеулеріне жүгіне отырып қарастырды. Бұл авторлар ақыл-ой кемістігін көп жағдайда, көпжақты бұзылыс ретінде топтастыруға болады деген қорытындыға келді. М.С.Липманның еңбектерінде де дәлелденді. Осы зерттеуге сәйкес, қосымша кемістік, 26,11% ақыл-ойында кемістігі бар балаларда - біреу, 39,3% - екеу, 19,8% - үшеу, 2,6% - төртеу, тек 11,9%-нда (Lipmann M.S., 1979) қосымша кемістік анықталмады.

Э.Фишер (Fisher E., 1992) Рейнланд-Пфальц жеріндегі №41 көмекші мектептегі оқушылардың «көптеген бұзылыстардың» ерекшеліктерін игере отырып, 1981 жылы зерттелгендердің ішінен 11,5%-нда «қосымша» ретінде сенсорлық және физиологиялық бұзылыстар қарастырылып анықталды. Олар келесідей болды: 76%-ы аралас түрдегі; 23%-ы көру; 12,8%-ы есту кемістіктері бар балалар.

Күрделі кемістік құрылымы ішінде кеңінен тараған бұзылыс тілдік патология болып табылады. Ақыл-ойында кемістігі бар төменгі сынып оқушыларының 40-60% аралығындағыларында сөйлеу тілінің фонетикалық жағының бұзылыстары бар (Г.А. Каше, 1957; Д.И. Орлова, 1967). И.Лалаеваның (2001) мәліметтері бойынша, ақыл-ойында кемістігі бар бірінші сынып оқушыларының 65-70 %-нда дислексия анықталды.

Күрделі кемістік жөнінде жеткілікті түрде көптеген кемістіктер айтылады. Әдебиеттерде естімейтін және нашар еститін түрдегі күрделі кемістігі бар балалар саны әртүрлі көрсетіледі. Қазіргі уақыт- та естуінде ауытқушылығы бар балалардың санының 35-40%-ы күрделі кемістігі бар балалар болып есептелді. Бұл пайыз саны кей жағдайда көбейеді, себебі, күрделі кемістігі бар балалар тобына есту бұзылысынан басқа, бөлек мүшелердің (жүрек және т.б.), жеңіл түрдегі неврологиялық симптомдардың, көру бұзылысының күрделі емес түрінің (қитарлық, амблиопия), ортопедиялық кемістіктер (жалпақбаңдылық және т.б.) патологиялары қосылады. Әрине, әртүрлі білінбейтін



*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» серисы №3-4(30-31) 2012 ж.*

бұзылысы баланы оқыту мен тәрбиелеуде қиындық туғызатын фактор болуы мүмкін, бірақ олар дамуда қиын жағдай туғызбайды. Бұл жағдай дамуда күрделенген нұсқасында танылатыны анық.

Сонымен бірге, күрделі кемістіктің жаңа түрдегі өзгеше формасы көрінуде. Мектепке дейінгі және ерте жастағы балаларда, көбіне, аралас кемістіктердің мынадай түрлері кездеседі: дамуында тірек- қимыл аппараты бұзылысының (ДТҚА) бисенсорлық кемістігімен сәйкестелуі; естудің төмендеуінің сөйлеу кемістігімен, аутизммен, назардың гиперактивті жетіспеушілігі синдромымен сәйкестелуі.

Арнайы әдебиеттерде ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі естуінде кемістігі бар балалардың дамуында күрделі бұзылыс диагностикасының қиындығы көрсетілген. Биологиялық және әлеуметтік- психологиялық артта қалушылық себебінің күрделі байланысы бала дамуындағы бастапқы, екіншілік және келесі ауытқуларды анықтауда қиындық туғызады. Сонымен бірге, ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың эртүрлі психикалық қызметінің қалыптасуында, қалыпты дамуында бір не бірнеше дамудың кешеуілдеуіне алып келетін теңсіздік байқалады. Мұндай жас ерекшеліктегі күрделі эртүрлі талдағыштар мен жүйе қызметінің бұзылыстары және элеуметтік-психологиялық факторлардың әсері ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балалар дамуындағы күрделі бұзылыс диагностикасын жүргізуде байқалатын қиындықтарды тудырады. Бірақ бұл жас аралығында мақсатқа бағытталған коррекциялық жұмыс жүргізу, педагогикалық жағдайды анықтау, коррекциялық- дамытушылық технологияны таңдау маңызды болып табылады.

Күрделі кемістіктерге не балалардың пайда болу уақыты бойынша жіктелесін алғаш рет 20-шы ғасырдың қыркыншы жылдарында А.В.Ярмоленко жасап ұсынған болатын.

Осы жіктемеге негізделе отырып біз кешенді кемістіктерге ие балаларды екі топқа бөліп қарастыруды ұсынамыз:

1. Туа біткен күрделі кемістіктерге ие балалар: мәселен, көру немесе есту анализаторлары бірдей уақытқа туылғаннан зақым алған немесе өте ерте балалық кезеңдегі кешенді кемістіктерге ие балалар.

2. Жүре пайда болған кешенді кемістіктерге ие болған балалар: мұнда бірдей уақытқа және эр түрлі уақытқа кемістіктері пайда болған балалар.

Кешенді кемістіктері бар адамдардың зақымдану деңгейі бойынша жіктелесі:

1 топ: Екі кемістігі де айқын көрінеді. Мұнда күрделі кемістік, баланың элеуметтік бейімделуін- дегі қиындықтары мен кемістіктің даму құрылымын бірдей дәрежеде анықтайтын екі бұзылуды қамтиды.

2 топ: Күрделенген кемістік болып, бірқатар бастапқы бұзылуларға ие, бірақ оның біреуі негізгісі - жетекшісі болып, екінші бұзылу айқын көрініс таппаған, бірге жүретін сипатқа ие, дей тұрғанмен негізгі-жетекші кемістікке ықпал етеді.

3 топ: Екі кемістік жеңіл түрде байқалады, бірақ олардың бірігуі тұрақты екінші сатылық ауытқуды шақырады. Бұл топ соңғы жылдары жиі кездесетін топ болып табылады.

Кешенді зақымданулары бар балалардың даму жетістіктеріне сүйене отырып, жіктелесін алғаш ұсынған ағылшын ғалымы - С.Бест.

1 топ. Белсенділік танытатын тип. Айтарлықтай дәрежеде жиі байқалатын екі бастапқы кемістікке ие, бірақ, соған қарамастан элеуметтік-еңбек дағдыларын табысты меңгерген, білім алатын, қоғамға табысты кіріктірілетін интеллектуалдық тұрғыдан сақталған балалар.

2 топ. «Салыстырмалы тұрғыдан бейімделуі жеңіл тип». Кемістіктің бірі айқын байқалатын және екіншісі оны сүйемелдейтін зақымдануларға ие балалар. Оқыту жетекші кемістік бойынша жүргізіледі. Олар еңбек ете алады, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына ие, білім алуға және қоғамға бейімделуге жақсы икемі бар балалар.

3 топ. «Бейімделуінде қиындықтары бар балалар». Екі сенсорлық кемістігі де айқын байқалмай- тын, бірақ осы категориядағы балаларда оқу мен элеуметтік бейімделуде айтарлықтай қиындықтар тудыратын мінез-құлықтық мәселелері бар, зияты төмен балалар.

4 топ. «Дамуы томен тип». Бұл балаларда үлкен медициналық және мінез-құлықтық мәселелер байқалады. Бұл типті түзеу қиынға соғады, тұлғааралық қарым-қатынастарды белгілеуде ерекше қиындықтарды бастан кешіреді.

Көреетілген жіктелелер жасалған баланың дамуының негізгі аясын, атап айтқанда, баланың психологиялық-физиологиялық дамуының базалық бағыттары бойынша: баланың денсаулығын сақтау мен дене дамуы, оның танымдық және элеуметтік дамуын түзете-педагогикалық жұмыстарды қамтамасыздандыруға мүмкіндік беретін бес білім беру саласын қамтиды.



*Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Специальная педагогика», №3-4(30-31) 2012 г.*

Күрделі кемістігі бар балалардың дамуы, көбіне, өткен өмірлік эрекетінің ішінде, не тәрбиелейтін, не оқытатын мекеме тәжірибесіне байланысты, солардың ішінде көбісі депривацияға ұшырап, олардың қалыптасуын төмендетіп, дамуың тоқтатуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандар негізінде мынадай тұжырым жасауға болады: күрделі (кешенді) кемістік дегеніміз әрбірін бөлек алғанда кемістіктің құрылымы мен сипатын анықтайтын бірқатар бастапқы ауытқулардың бірігуі. Зақымданулар бір-біріне көп қырлы ықпал етеді және олар өзара күшейе түседі. Оның соңынан, бөлек бір зақымданулардың қарапайым денелік қосындысымен салыстырғанда сапалық және сандық тұрғыдан айтарлықтай дәрежелік тұрғысындағы кері салдары болуы мүмкін.

1. Байтұрсынова А.А. «Арнайы педагогика: проблемалар мен даму болашағы» - Алматы, 2008.
2. Бгажнокова И.М., Комаров С.В., Ульяновцев М.Б. «Воспитание и обучение детей и подростков с тяжёлыми множественными нарушениями развития»
3. Басилов Т.А. «Воспитание в семье ребенка раннего возраста со сложным сенсорным или множественным нарушением», //Дефектология. -1996-№3 - С. 47-55.
4. Жигарева М.В. «Дети с комплексными нарушениями в развитии»: Педагогикалық көмек: ЖОО студент-теріне арналған көмекші нұрал II «Академия» баспасы, 2008.
5. Абаева Ф.А., Ерболат А.Е. «Дефектология негіздері» - Алматы, 2008.
6. Певзнер М.С., Мареева Р.А. Комплексное изучение детей со сложными сенсорными дефектами //Дефектология. - №4. -1979.

#### Резюме

В данной статье рассматриваются, в настоящее время в литературе и практике не установилась единая терминология, одни и те же нарушения могут быть названы и сложными, и комплексными, и множественным. И виды детей со сложными нарушениями.

#### Summary

In this article are considered, in literature and practice uniform terminology the same violations wasn't established can be called both difficult, and complex, and multiple now. And there consider types of children with difficult violations.

### **V ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ РАННЕЙ КОРРЕКЦИОННОЙ ПОМОЩИ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**О.Ф. Чумакова**

Своеобразие педагогической ситуации вызывает повышенный интерес к проблемным детям, нуждающимся не только в лечении, сколько в создании специальных условий общения и воспитания, отвечающих их индивидуально - психологическим особенностям. По различным данным, количество детей, которые в силу неблагоприятных микросоциальных условий обучения и воспитания, соматической и психической особенности имеют отклонения в развитии и испытывают различные трудности в обучении и составляют значительный процент от общей детской популяции.

Так, по данным Комитета по охране прав детей МОН РК общая численность детского населения Республики Казахстан составляет 4728600, в том числе дети с ограниченными возможностями 149043, что составляет 3,2% от всей популяции детского населения.

В Карагандинской области в 2011 г. насчитывалось 330239 детей от 0 до 18 лет. Из них 12 547 детей с ограниченными возможностями развития, в том числе количество детей раннего возраста с ограниченными возможностями составляет 555 детей, что свидетельствует о низком проценте выявления детей раннего возраста с ограниченными возможностями развития, несмотря на наличие законодательно утвержденных скрининговых программ изучения новорожденных.

В соответствии с приказами МЗ РК №140 от 28.03.2006 г. «О скрининговой программе дородовой диагностики и профилактики врожденных и наследственных заболеваний у детей» и № 83 от 29.01.2003г. «Об утверждении правил организации скрининга психофизических нарушений у детей раннего возраста» в 2011 году скрининговому обследованию подлежало 64725 детей, за 10 месяцев 2011 года было осмотрено 53937 (83,3% детей до 3-х лет), в 2010 году подлежало осмотру 60168 детей, за тот же период было осмотрено 45126 (75%).

Согласно приказу МЗ РК за № 7 от 05.01.2011г. «Об утверждении Положения о деятельности организации здравоохранения, оказывающих амбулаторно-поликлиническую помощь» - в Карагандинской области функционируют 47 кабинетов здорового ребенка. Все кабинеты

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-31) 2012 ж.*

обеспечены диагностическим инструментарием, а специалисты обучены способам скрининговой диагностики

В соответствии с приказом МЗ РК № 630 от 30.10.2009 года «Об утверждении стандарта оказания специальных социальных услуг в области здравоохранения в штатные единицы учреждений первичной медико-санитарной помощи (ПМСП) введены дополнительно 114 социальных работников и 27 психологов.

Казалось бы, такой уровень организации раннего выявления детей с ограниченными возможностями развития на первом уровне реализации Государственной системы коррекционно-педагогической помощи должен обеспечить снижение уровня детской инвалидизации, но наличие отягощающих факторов этому не способствует.

Таким значимым отягощающим фактором является низкая информированность родителей, имеющих детей с ограниченными возможностями, о возможностях и необходимости углубленного обследования психофизического развития детей в условиях психолого-медико-педагогических консультаций (ПМПК). Кроме того, наличие в регионе трех ПМПК не может обеспечить должного уровня ранней диагностики всех выявленных и нуждающихся детей, а отсутствие достоверной информации об их количестве не позволяет спрогнозировать реальные затраты на комплекс медицинских, образовательных и социальных услуг. Все это приводит к позднему вовлечению детей с проблемами в развитии в процесс коррекционного воздействия.

Как правило, в младенческом и раннем возрасте детям с выявленными отклонениями в развитии оказывается преимущественно медицинская помощь. Большинство детей с нарушениями в развитии включаются в систему комплексной психолого-педагогической помощи в возрасте 2-3 лет и старше. В ряде случаев коррекционная работа в силу объективных причин начинается только к моменту поступления ребенка в школу. Но так как к этому времени уже упущены сензитивные периоды развития высших психических функций и социальных компетентностей, коррекционная работа оказывается недостаточно эффективной. К тому же попытка объединить решение коррекционных и образовательных задач зачастую приводит к значительным перегрузкам детей.

Традиционно психолого-педагогическая коррекционная работа выстраивается в русле профессионально ориентированной модели, которая предполагает сфокусированность разных специалистов на ребенке. При этом семья оказывается в «пассивной» позиции. Однако зарубежный опыт показывает, что эффективность коррекционной работы напрямую зависит от активности и включенности в этот процесс семьи ребенка с проблемами в развитии.

Фундаментальные исследования в области специальной педагогики и психологии убедительно доказывают, что, чем раньше выявлены проблемы семьи и ребенка, тем быстрее и эффективнее осуществляется процесс абилитации и реабилитации. Максимально раннее начало целенаправленного педагогического воздействия позволяет предупредить появление вторичных отклонений в развитии, создает благоприятные условия для развития потенциальных возможностей ребенка. Кроме того, раннее вмешательство минимизирует потенциальные задержки развития у детей и ослабляет влияние условий, приводящих к нарушениям развития. Профилактика и коррекция нарушений уменьшает общие затраты на образовательные услуги, помогает удовлетворять потребности детей, снижает вероятность институционализации, подготавливает детей к их дальнейшей независимой жизни в обществе.

Вместе с тем, анализ имеющихся ресурсов по оказанию ранней коррекционной помощи показал, что в регионе есть попытки включения детей раннего возраста с проблемами в развитии в коррекционный процесс в реабилитационном центре, кабинетах психолого-педагогической коррекции, в медицинских центрах, при поликлиниках. Однако они единичны. Недостаточно эффективна межведомственная координация их деятельности. Ограниченное количество служб ранней коррекции, недостаточное научно-методическое обеспечение не могут удовлетворить спрос населения на такого рода услуги. Дефицит информации, методической литературы снижает эффективность и качество проводимой работы. Отсутствие механизма межведомственного взаимодействия на уровне реализации государственной системы ранней помощи детям и их семьям препятствует осуществлению эффективного психолого-педагогического и медико-социального сопровождения семей, имеющих детей-инвалидов и детей с особенностями психофизического развития. Снижается результативность предупреждения и профилактики инвалидизации детства. Увеличиваются затраты государства на систему специального образования.

Не менее значимым в решении проблем ранней коррекционной помощи является проблема подготовки кадров. Необходимо отметить, что в системе специальных дошкольных специальных образовательных учреждений, учреждений социальной защиты и здравоохранения, оказывающих раннюю коррекционную помощь, работают специалисты, зачастую не имеющие специальной подготовки, что естественным образом сказывается на качестве оказываемых услуг. Естественным образом возникает вопрос о необходимости подготовки специалистов по раннему вмешательству и переподготовке специальных педагогов для работы с детьми раннего возраста, имеющих проблемы в развитии.

Таким образом, анализ ситуации по организации раннего выявления и ранней коррекции отклоняющегося развития в регионе позволяет определить проблемные зоны и сделать выводы о необходимости:

- Скринингового обследования всех новорожденных в родильных домах с указанием фактора риска в карте развития ребенка;
- Расширения деятельности кабинетов здорового ребенка в детских поликлиниках в интересах родителей и детей;
- Целенаправленного наблюдения за темпом психофизического развития ребенка группы риска по месту его жительства со стороны педиатра;
- Создания «команды» специалистов для выявления характера отклонений и оказание своевременной помощи;
- Организации в учреждениях образования групп для детей раннего возраста в целях ранней диагностики и ранней коррекции отклоняющегося развития с опорой медико-психолого-педагогическую работу с проблемным ребенком и оказание психолого-педагогической поддержки родителям;
- Раннего начала систематической коррекционной работы, в том числе и в группах кратковременного пребывания при специализированных дошкольных учреждениях;
- Целенаправленной подготовки и переподготовки специалистов разных профилей для комплексной коррекционной работы с детьми раннего возраста.

Таким образом, система раннего выявления и ранней специальной помощи призвана оказывать психолого-педагогическую поддержку детям с отклонениями в развитии, их родителям и специалистам. Ее функционирование в масштабах региона обеспечит каждой семье возможность своевременной, а именно ранней медико-психолого-педагогической диагностики развития ребенка, определения его специальных психологических и образовательных потребностей, создаст условия для эффективного преодоления или коррекции отклонений в развитии ребенка с первых дней жизни.

1. *Стребелева Е.А. Современные формы помощи семье, воспитывающей ребенка с отклонениями в развитии / Стребелева Е.А., Закрепина А.В. //Дефектология. -2005. —№ 1. —С. 3-10.*

2. *Стребелева Е. Подходы к созданию единой системы раннего выявления и коррекции отклонений в развитии детей//Дошкольное воспитание, 1998 № 1, - с. 70-73*

3. *Сулейменова Р.А. Система ранней коррекционной помощи детям с ограниченными возможностями в Казахстане: проблемы создания и развития. - Алматы, 2001.*

4. *Ткачева В.В. Особенности диагностической работы с семьями, воспитывающими детей с отклонениями в развитии // Коррекц. педагогика. - 2007. -№ 5.-С. 63-72.*

#### **Түйін**

Мақалада Қарағанды облысындағы ерте жастағы балаларға ерте коррекциялық көмек көрсету жүйесінің өзекті мәселелері қарастырылады.

#### **Summary**

Examines basic questions system giving help early correction, in area of Karaganda early summer to the child in the article.

#### **МУМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ С ОВ**

**РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ДОШКОЛЬНОГО  
Половая идентификация выражается в различных формах агрессивности - у мальчиков преобладает драчливость, у девочек - больше визг, плач. В последующем, в подростковом периоде у мальчиков появляется физическая агрессивность, у девочек - вербальная и косвенная агрессия. Поэтому, если подростка не научить контролировать свои агрессивные импульсы, то в последующем это грозит преимущественной ориентацией агрессивности на сверстников, открытому физическому насилию во взрослом состоянии.

Известно, что в процессе формирования личности происходит неизменно социализация агрессии, которая у одних проявляется в виде тонкой, косвенной или вербальной агрессии, скрытого принуждения, вандализма. В остальных случаях агрессивные импульсы проявляются в физическом насилии. Поэтому важную роль в процессе социализации агрессии играет раннее воспитание, культурный уровень семьи, эмоциональный фон отношений родителей к ребенку. Там, где подросток имел негативный опыт (резкое отлучение от груди, длительное отсутствие матери, суровые наказания родителей и т.д.), формируются отрицательные личностные установки - тревожность, подозрительность, сильная агрессивность, эгоизм, жестокость. В то же время, процесс социализации агрессии идет под влиянием образа отношения и поведения родителей, а также при наличии подкрепления агрессивного поведения со стороны окружающих. Так, мальчики, чьи родители применяют к ним суровые наказания, затем сами становятся высоко агрессивными во взаимоотношениях со сверстниками вне дома.

*Существуют определенные факторы, способствующие формированию агрессивности у подростков:*

- 1) когда родители поощряют агрессивность своих детей, либо показывают пример соответствующего поведения по отношению к другим людям;
- 2) когда родители наказывают за проявление агрессивности, при этом если родители резко подавляют агрессию, то она будет проявляться в зрелые годы;
- 3) когда родители никогда не наказывают за агрессивность, у детей также может формироваться чрезмерная агрессивность [6].

В детском возрасте психологическая структура агрессии представлена аффективно-динамическими, вербальными и поведенческими реакциями, для реализации которых играют роль определенные предпосылки: оценка другими людьми, намеренность агрессии как эмоциональной реакции на насилие, восприятие агрессии в массовом порядке на ТВ, кино и т.д..

Таким образом, формирование поведенческих и аффективных нарушений происходит на ранних этапах социализации под воздействием различных патогенных факторов, успешность профилактической реабилитации которых зависит от ранней диагностики, своевременного лечения и медикопсихологической коррекции.

*Дисгармонический пубертат значительно осложняется наличием психопатологических синдромов, которые проявляются в следующих нарушениях:*

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабарғысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-31) 2012 ж.*

- *Расстройства сна* - нарушения продолжительности и глубины засыпания и пробуждения, влияние синхронизирующих факторов, инверсия сна и бодрствования, наличие патологических двигательных феноменов во время сна (беспокойство, крики, вздрагивания, качания, яктация, сноговорение и снохождение);

- *Нарушения бодрствования* - снижение общей активности эмоционального тонуса, нарушения чередования периодов повышенного и сниженного эмоционального тонуса;

- *Наличие психомоторных нарушений* - стереотипные, навязчивые движения, патологические привычки, гипердинамический синдром;

- *Аффективные нарушения* - реакция страха, навязчивые фобические реакции, психогенные депрессивные реакции, дистимические и гипоманиакальные состояния, расстройства влечений с нарушением аппетита и искажением пищевого поведения, расстройствами инстинкта самосохранения и сексуальными нарушениями;

- *Патохарактериологические реакции активного и пассивного протеста*, реакции отказа и негативизма, аффективно-респираторные приступы на отрицательные факторы;

- *Задержка темпов развития с определением его тяжести*, парциальности и степени диссоциирования.

Поэтому **медико-психологическая диагностика причинных факторов аутодеструктивного поведения** должна строиться на следующих **принципах**:

- > изучение психологической специфики психического дефекта;
- > выявление причин нарушения в микросоциальном и психолого-педагогическом окружении;
- > дифференциация характера дизонтогенеза психического развития;
- > разработка программ коррекционно-педагогической работы с учетом специфики психического дефекта, возраста, характера и степени социальной активности родителей;
- > коррекционная работа должна начинаться с коррекции семьи, установления ее типологии, структурности и материальных возможностей [5].

При этом приобследовании подростка необходимо начать с медико-социального изучения его семьи, выявления факторов риска и неблагоприятных социально-психологических факторов, которые отражают следующие характеристики: социально-экономический уровень семьи; санитарно-гигиеническая характеристика; социально-психологическая характеристика; медико-социальный статус матери; медико-социальный статус отца.

В структуре аутодеструктивных расстройств поведения у школьников приобретает наибольшую значимость нейропсихологические нарушения, в основе которых лежат функциональные нарушения подкорковых и стволовых структур, составляющих патогенетическое ядро дизгенетического синдрома. Они представляют собой немалую часть в популяции детей школьного возраста с девиантным поведением [6].

Нынешняя ситуация характеризуется тем, что вне зависимости от наличия или отсутствия у ребенка какого-либо диагноза, у большинства таких детей (более 70 %) на первый план выступает препатологическое состояние подкорковых и стволовых систем головного мозга, т.е. тех систем, которые по большей части морфологически и функционально формируются внутриутробно и определяют течение пренатального периода и последующего онтогенеза.

Наибольшую проблему составляют школьники дети с функциональной дефицитарностью стволовых образований мозга, так называемым дисгенетическим синдромом. Эти дети составляют основную часть в популяции школьников с девиантным поведением, особенно делинквентного характера. При этом синдроме отмечается накопление дизэмбриогенетических стигм, часто сочетаемых с дисплазиями, соматическими и органами дизритмиями. Такие дети составляют основную группу детей с гиперактивностью и дефицитом внимания, у них отмечается выраженная эмоциональноволевая неустойчивость, повышенная аффективная возбудимость [3].

Наиболее выраженные изменения в поведении отмечаются при функциональной дефицитарности подкорковых образований, что характеризуется у детей выраженной эмоциональной лабильностью и быстрой пресыщаемостью, тенденцией к ригидности психических процессов, подчас просто неадекватными поведенческими реакциями на происходящее. У таких подростков имеет место заметное излишество, нерасчетливость двигательных и жестомимических актов. Бросаются в глаза вычурные позы, гримасничанье, иногда возникают тики, неожиданные вокализационные реакции в виде вскриков, похрюкивания, неконтролируемого смеха [2].

1. Лоренц К. Агрессия (так называемое зло). - М., 1994.
2. Корнилова Т., Григоренко Е., Смирнов С. Подростки группы риска. - СПб., 2005.
3. Великанова Л.П. Факторы психологического и социального риска нарушения состояния здоровья детей и подростков / Материалы V Конгресса педиатров России. — М., 1999.
4. Иовчук Н.М. Школьная дезадаптация: эмоциональные и стрессовые расстройства у детей. - М., 1995.
5. Оклендер В. Окно в мир ребенка. Руководство по детской психотерапии. — М., 2000.
6. Брюдадь Л.Ф. Психические кризисы в новой перспективе. - СПб., 1998.
7. Братусь Б. С. Аномалии личности. - М., 1990.

#### Түйін

Аталған мақалада пубертаттік кезеңдегі дисгармониялықтың себеп-салдары мен факторлары қарастырылған. Сонымен қатар, жасөспірімдер арасындағы агрессивтіліктің қалыптасуына жетелейтін факторлар айқындалған.

#### Summary

**In this article the reasons and disharmonious pubertation period are considered. In article the same factors promoting formations of aggression at teenagers are defined.**

#### КІШІЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТШЕ

Г.И. Казахбаева, | < v.\К  
А.С. Алимжан ^ ^v)

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы негізгі бағыттарды жүзеге асыру жағдайында, болашақ өміп келе жатқан ұрпаққа білім беру үрдісін қазіргі заманға сай етіп жүзеге асыруға қажетті педагогтың маңызы өте зор [ 1 ].

Кіші жас адамның дамуында ең қарқынды кезеңі болып табылады. Бала бұл аралық уақытта әлсіз сәбиден дерлік қалыптасқан адамға айналады. Бұл кезеңді басқа кезеңдермен салыстыруға болмайды. Балалық даму үнемі алға жылжумен сипатталады, сонымен қатар, өзіндік дербестіктің жаңа түрлері пайда болады.

Бала дамыған кезде жаңа психологиялық мінез бен іс-әрекеттің түрлерін меңгереді. Бұл жаста оның іс-әрекетіне қойылатын талаптар артады. Осыған орай, құлықтық-тәртіптік ережелерді сақтау өте маңызды. Даму үрдісінде баланың қызметі қиындатылып өзгертіледі, өз іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігіне жоғарғы талаптар қойылады.

Осыған орай, «ауытқушылық» [2] ұғымын дәлелдеу қажеттілігі пайда болды. Баланың іс-әрекетін- дегі ауытқушылықтар дегеннің астарында оның тәртібіндегі ерекшеліктері ересек адамдарды қырағыландырады. Іс-әрекеттегі мұндай ерекшеліктер болашақ іс-әрекеттердің салдарын өз уақытын- да анықтап және болдырмау, қажетті жағдайда түзету ережелерден ауытқушылықты айғақтайды. Мұндай стратегия баланың іс-әрекетіне қарағанда, әдетте, дамытатын ойындардың эмоционалды- жағымды қызметтері қажетті нәтиже беруі мүмкін.

Сонымен, баланың қылықтары мен тәртібіне қажетті мазмұнды маңыздылық, баланың тұлғалық, адамгершілік қасиеттері негізінің астарында жатқан мұндай үрдістер мен механизмдердің дамуына бағытталған жағымды ықпал көрсетуге болады.

Бала тұлғасының дамуы екі жақты болады. Бірінші жағы - бала айналадағы ортаны бірте-бірте түсіне бастайды және ондағы өзінің алатын орнын танып білуге тырысады, бұл іс-әрекеттің жаңа мотивтері мен түрлерін тудыруға ықпал тигізеді, бала олардың арқасында белгілі қылықтар мен қимылдарды жасай бастайды. Екінші жағы - бұл ерік пен сезімнің дамуы. Олар мұндай мотивтерді дәлелдеуге, іс-әрекеттің тұрақтануын, сонымен қатар, олардың сыртқы қалыптан белгілі тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

Ересек адамдар бала тұлғасының дамуына меңгеруді ұйымдастыру арқылы немесе бала тәртібін реттейтін құлықтық ережелерді ұйымдастыру арқылы әсерін тигізеді. Балалар мұндай нұсқауларды тәртіп ережелері мен үлгілі әсердің арқасында меңгеріп жүзеге асырады. Балаға ең алдымен ересек

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-31) 2012 ж.*

адамдардың іс-әрееттері мен қылықтары және жүріс-тұрысы мен өзара қарым-қатынас жасау үлгі-өнеге болады. Қоршаған адамдардың іс-әрекеттері балаға үлкен ықпап тигізеді. Бала ересек

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-31) 2012 ж.*

адамдардың еңбектерін бақылап, сөйлеген сөздері мен әңгімелерін және ертегілері мен тақпақтарын мұқият тыңдап өмірмен танысады, сонымен қатар алған әсерлері арқасында олардың өздеріне еліктеуге тырысады.

Сонымен қатар, оған құрбы-құрдастарының іс-әрекеттері үлгі-өнеге болуы мүмкін. Ертегілердің тақырыптары, кейіпкерлердің тудыратын жағымды іс-әрекеттері мен қасиеттері балаға үлгі-өнеге болатыны өте маңызды. Балаларда мінездің құлықтық іс-әрекеттерінің ережелерін меңгеру, жеке дербес ерекшеліктерге орай әртүрлі тәсілмен жүзеге асады. Осыған орай, *Е.О. Смирнованың* [3] пікірі бойынша, айырмашылықтарға қарамастан балалық шақтың әр кезеңінде ерекше қасиеттер бар. 3-4 айда барлық сәбилер ересек адамды көргенде қуанады, бір жасқа таман ойыншықтармен ойнай бастайды, екі жаста сөйлей бастайды және тағы басқа да кезеңік қасиеттер. Автордың көзқарасы бойынша, бұл өзгерістер кездейсоқтық емес, барлық балалар өзінің даму кезеңдерінде өмір жолдарының ерекшеліктерімен сипатталатын белгілі сатылардан, баспалдақтардан немесе кезеңдерден өтетін өмірлік заңдылықтарға сүйенеді.

*Г.М. Бреславтың* зерттеулері көрсеткендей, тұлғаның қалыптасу кезеңі өте маңызды және бұл кезеңсіз тұлғаны тәрбиелеу тактикасы мен ғылыми түрде дәлелденген стратегия жүзеге асуы мүмкін емес. Мұндай міндеттерді шешу үшін психикалық даму кезеңдерінің жалпы заңдылықтарын тудыру қажет, Автордың пікірі бойынша, баланың психологиялық даму кезеңі тұлғаны қалыптастырудың жалпы заңдылықтарына сүйену қажет.

20-жылдары *П.П. Блонский* алғаш рет психологияда дағдарыс пен кезеңдері жайлы орнықты сұрақтар қойды. Осыдан кейінірек, *Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, ЛИ Божович, А.И Леонтьева-*ның еңбектері даму кезеңдерін дағдарыстарын зерттеуге арналған. *Л.С. Выготский* өзінің «Жасерекшелік мәселелері» атты фундаментальді еңбегінде кезеңділікті дағдарыс кезеңдері мен тұрақтылықтың ара қатынасы ретінде ой-пікір қалыптастырады [4; 6].

Тұтастай алғанда дағдарыс кезеңдері жастың тұрақтылығынан елеулі өзгешеленеді. *Л.С. Выготский-дің* анықтауы бойынша дағдарыс кезеңдері бұл баланың дамуындағы «қиысқан жолдар» [4];

Дағдарыс кезеңдерінің сыртқы бейнесінде көптеген ерекшеліктер бар: біріншіден - белгісіздік, түсінбеушілік.

Дағдарыстың басталуы мен аяқталуын анықтауға өте қиын. Екіншіден - дағдарыс кезеңдерінде даму жағымсыз «қирататын сипатта» болады. Бала бұл кезеңде алған әсерлеріне қарағанда, керісінше, бала бұрын меңгерген іс-әрекет ережелерін орындамайды, сыртқы ортамен қарым-қатынастың қиын түрлері бұзылады, жақсы көретін ойыншықтары мен заттарына қызықпайды және т.б. іс-әрекеттері мен қасиеттерінен айырылады. Үшіншіден - бұл кезеңдерде баланың барлық психикасы үнемі күрт, қарқынды өзгереді. Төртіншіден, дағдарыс кезеңдерде әр баланың іс-әрекеті бейнеге айналады. Дағдарыстар әр балаларда әртүрлі өтеді: біреусінде, жағымды бірте-бірте болса, екіншісінде мүлде керісінше болса, басқаларында өте жағымсыз болады. Дегенмен, дағдарыс кезеңде тәрбиелеудің кейбір қиыншылықтары әрбір баланың өзіндік қасиеттеріне сай пайда болады. «Қиынға ұшырайтын тәрбиелеу» және даму кезеңінің жағымсыз сипаты дағдарыс белгілерінде кездеседі. Тұрақты кезеңдерді жағымсыз жағдайлардан айыра білу өте маңызды, белгілі бір уақытта ересек адамның іс-әрекет тәсілдері мен пайда болу себептерінің айырмашылығы елеулі орын атқарады. *Л.С. Выготский* «дағдарыстың жеті жұлдыздары» деп аталатын жетті белгілерді анықтады.

Негативизм - баланың ересек адамның айтқан ұсыныстарын орындамау сияқты іс-әрекеттер жасайды.

Қасарушылық - дағдарыстың екінші белгісі. Бала белгілі бір нәрсені өз ыштасымен емес, талап қоюмен ғана жасайды. Өзінің орнын көрсету сұранысы қасарушылықтың мотиві болып табылады.

Қыңырлық - үш жастағы кезеңде пайда болатын белгі. Негативизмге қарағанда қыңырлы ересек адамға емес, тәртіптік іс-әрекет ережелеріне қарсы бағытталған.

Өзіндік ерік - бала өз бетімен шешім қабылдауға ұмтылады,

Наразылық бүлік - баланың барлық іс-әрекеті наразылық түрін көрсетеді. Айналадағы адамдармен жағымсыз қарым-қатынастарда болатын сияқты, түрлі мәнсіз сыйтау-себейтер үнемі ересек адамдармен ұрысып кикілжің жағдайлар болады.

Жауыздық - айналадағыларға өзінің билігін көрсетуге ұмтылады.

Қызғаншақтық пен жауыздық бірдей балалық эгоцентризм сияқты психологиялық негізге ие,



*Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Специальная педагогика», №3-4(30-31) 2012 г.*  
яғни бұл деген сөз ең басты орталық орынды иеленуге ұмтылу.

Жоғарыда айтылған белгілер барлық дағдарыс жастар мен кезендерге тән. Үш жастағы баланың іс-әрекеттері өзін тәртіптің субъектісі ретінде қабылдауға негізделген. Сенім мен ақыл-кеңес пайдасын тигізбейді, себебі бала әлі де болса логикалық түрде тұжырымдай алмайды. Өз бетімен жұмыс жасауға ұмтылу баланың қажетті кең тәжірибесіне сүйенетін өзіндік мүмкіндіктерін танып білуге негізделген. Екі-үш жастағы балалармен жұмыс жасағанда оларға тыйым салып ұрыспай керісінше, оларды сендіріп бағындыру керек.

Психолог *Л.И. Божовичтің* [6] анықтауы бойынша, дағдарыс кезеңінде баланың жағымсыз іс-әрекеттері оның фрустрациялы екенін көрсетеді. Фрустрация адамның белгілі маңызды қажеттіліктеріне шек қойған кезде, жауап ретінде пайда болады.

*Л.Ф. Островская* болса өзінің зерттеулерінде, балалардың қиыншы болуы оны дұрыс тәрбиелеу және оның психофизиологиясы мен жас ерекшеліктеріне байланысты [3].

Қасарушылықтың туындау себептерін талдасак, ол мынадай қорытындыға келді, бала еркіндігіне бөгет жасап, шектеген кезде, яғни, өзінің қалауы бойынша, өз бетімен, өз еркімен шешім қабылдауға шек қойған кезде қиыншылық пайда болады.

*В.Д. Шадриковтың* [5] зерттеулері көрсеткендей, іс-әрекеттің жағымсыз қасиеттері мен ерекшеліктері дұрыс тәрбие бермеудің нәтижесі болуы мүмкін. Автордың пікірі бойынша, бала бұл кезеңде еркіндік атмосферасында өседі, бір сұрағаннан бәрін иеленеді, ал оның қылықтарына шек қойылмайды, осыған орай балада өз іс-әрекетінің ережелері мен нұсқауларын басқару қабілеті қалыптасады. Оның іс-әрекеті мен қылықтарында «мен талап етемін» мотиві елеулі орын атқарып, «керек» мотивін өзіне бағындырады. Балалар өз іс-әрекеттері мен қылықтары жайлы басқа балалардың қажеттіліктері жайлы ақылдаспайды, сол себептен балалар бір-бірімен ұрысып кикілжінді жағдайға ұшырайды.

Осылайша, эмоционалдық тұрақсыздық пен қалыпсыздық темперамент пен жүйке қызметінің дербес ерекшеліктерінің нәтижесі болуы мүмкін. Сылбырлық пен қимышсыздық флегматиктерге тән, қозғалғыштық пен тұрақсыздықтың өзгеруі сангвиниктер мен холериктерге тән, өзінде батылдықтың болмауы меланхоликтерге тән.

*А.И. Захаров* [2] тәрбиелеудің мынадай негізгі шамаларды бөліп көрсетеді: түсінбеушілік; қабылдамау; талаптарға сәйкессіздік; балалармен қарым-қатынастағы икемсіздік; балалармен жұмыс жасағанда бірқалыпсыздық; ересек адамдардың арасындағы қарым-қатынастардың келіспеушілігі; Сонымен қатар, ересек адамдардың балаға деген қарым-қатынасындағы мынадай себептер болуы мүмкін: аффектілік; алаңдаушылық; басымдылық; гиперэлеуметгілік; сенімсіздік; жеткіліксіз көңіл бөлу; қарым-қатынастағы келіспеушіліктер.

Автордың анықтауы бойынша, егер ересек адамдар өзінің жеке дербес проблемаларына көп көңіл аударғанда, балада ауытқушылықтар пайда болады.

*Р.В. Овчарова* [3] мен басқалардың зерттеулеріне сәйкес, баланың іс-әрекетіндегі ауытқушылықтардың себептерін күрделі топтарға жатқызуға болады.

1. Әлеуметтік-педагогикалық панасыздық;
2. Терең психикалық ынғайсыздық;
3. Психикалық және физиологиялық денсаулық пен даму жағдайындағы ауытқушылықтар;
4. Өзін-өзі көрсету үшін жағдайдың болмауы;
5. Панасызды.

*М. Раттер* дамудың қиынға ұшыраған дәрежесі ретінде кедергілер мен ережелерге қарағанда қарым-қатынас кедергілерінің екі жақтарын көрсетті. Түрлі іс-әрекеттерде мүмкін болатын ауытқушылықтар мен ерекшеліктерді бағалау үшін *М.Раттер* бірнеше түрлі критерийлерді қолдануға ұсынады, олар: бұзушылықты сақтау ұзақтығы; өмірлік себеп-салдар; әлеуметтік-мәдени кедергілер; кедергі дәрежесі; белгілердің түрлері; белгілердің ауырлығы мен бос болуы; іс-әрекеттің өзгеруі; белгінің жағдайлық ерекшелігі [2].

Осылайша, *М.Раттер* мынадай қорытынды шығарды, ережелерден тыс іс-әрекеттегі болатын ауытқушылықтар мен ерекшеліктер жайлы сұрақтарды шеше отырып, жоғарыда айтылған критерийлерге көп көңіл аудару қажет.

Баланың психологиялық дамуындағы бұзылыстар эмоционалды жағымды іс-әрекеттерде, яғни ойындарда бұл баланың іс-әрекеттері мен психикалық дамуын реттеуде маңызды орын атқарады.

Дағдарыс жастың психологиялық мәні және олардың маңызы баладағы психологиялық даму кезеңде баланың барлық психикасындағы өте маңызды глобалді өзгерістер пайда болады. Осылайша, біз мынадай

қорытындыға келдік, эр бала қалай болса да, дағдарысты бастан кешіріп уайымдайды, бұл кезеңде салыстырмалы түрде әлдеқайда қиыға тәрбиеленетінге айналады.



Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-31) 2012 ж.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Алматы, 1999.
2. Бреслав Г.М. Эмоциональные особенности формирования личности в детстве: Норма и отклонение - М.: Педагогика, 1990.
3. Диенни-Леши. Работать с маленькими детьми. - М., 1991.
4. Шерьяданова Х.Т., Ауталипова У.И., Шужебаева А.И. Основные направления психолого-педагогической помощи детям с проблемами в поведении и общении. - Алматы: Косплекс, 2001.
5. Обухова Л. Ф. Детская психология; теория, факты, проблемы. - М.: Владос, 1995.
6. Овчарова Р.В. Проблемы личности, профилактика отклонений в ее развитии. - М.: Архангельск, 1993.

#### Резюме

В данной статье проведен теоретический анализ психического развития детей младшего возраста как психолого-педагогической проблемы. В статье также обоснованы причины возникновения отклонений в поведении детей младшего возраста.

#### Summary

**In this article the theoretical analysis of the mental development of children of younger age, as psychological- pedagogical problems. The article also justified reasons of the deviation behavior of children of younger age.**

#### ОТБАСЫНДАҒЫ АЖЫРАСУДЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ МЕН ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

П.Б. Дауткалиева & ' '??

Психологтар мен элеуметтанушылар алдында тұрған үлкен мәселе нақты неке жұптарының күлдірауының бірлік фактісі емес, ажырасу жағдайының элеуметтік мәселелері мен отбасылық өмірдің дұрыс ұйымдаспауына әкелетін жағдайлардың жиынтығын қарастыру болып табылады. Мысалы, ажырасу саны 90-шы жылдармен салыстырғанда 2000-шы жылдары 4,6 есе өсті, бұл неке-отбасылық қарым-қатынаста маңызды өзгерістердің болғандығын көрсетеді. Бұл өзгерістер, ең алдымен, маңызды элеуметтік-экономикалық жағдайлармен байланысты: қоғамдық өндірісте әйелдердің жоғары деңгейде орын алуы, әйелдердің білім деңгейлерінің күрт көтерілуі, әйелдердің аналық және өндірістік функцияларының арасында карама-қайшылық жүйелерінің пайда болуы [1].

Ажырасу динамикасын қарастырудағы маңызды тағы бір нәрсе - ол ауыл тұрғындарының арасында ажырасу, қала тұрғындарымен салыстырғанда 2-3 есе томен болуы. Бұл жерде басқа да статистикалық заңдылықты ескеру керек: тұрғындардың есеппен 1000 адамына ажырасу саны қалалардың көлемінің өсуіне байланысты болады.

70-ші жылдардың басында демографтар мен элеуметтанушылар ажырасудың мотивтерін талдауды бастаған болатын. Мұндай зерттеулерді әртүрлі қалалардың зерттеушілері жүргізді: Л.В. Чуйко - Киев, В.Д. Чечот - Ленинград, В.Т. Колокольников - Минск) және т.б. Олар ажырасудың мотивтері мен себептерінің түрлі классификацияларын ұсынды, олар өте көп, бірақ ең маңыздыларына тоқталып өтуге болады [2].

Ең алғашқы ажырасудың мотивтері мен себептерінің классификациясын ұсынған Н.Я. Соловьева болды. Ол мынадай себептер: 1. ерлі-зайыптылардың біреуінің ауруы; 2. баланың болмауы; 3. мәжбүрлі айырылысу; 4. өгей балалардың болуы; 5. физикалық күш корсету; 6. көзге шөп салу, басқа отбасының болуы; 7. маскүнемдік; 8. мінездердің сай келмеуі; 9. екі жақ ата-аналарының араласуы;

10. басқа біреуді жақсы көріп қалу; 11. дін, элеуметтік жағдайлардың сәйкессіздігі және т.б. [3].

Көріп тұрғандай, классификация отбасылық өмірдің сыни жағдайларының көптеген жақтарын қамтиды. Бұлардың шын мәнінде өмірде бар және некені бұзуға себепін тигізеді.

Н.Г. Юркевич ажырасудың мотивтері мен себептерінің біршама басқаша классификациясын ұсынды: 1. ерлі-зайыптылардың мінездерінің сәйкессіздігі; 2. жұбайлар сенімдерінің бұзылуы; 3. ата- анаға деген қарым-қатынастың нашар болуы; 4. маскүнемдік; 5. некеге махаббатсыз түсу немесе жеңілтектік күйде болу арқышы некеге түсу; жұбайлардың біреуінің бас бостандығынан 3 жыл немесе одан көп ұзақ уақытқа айырылуы. Сонымен, Н.Г. Юркевич Н.Я. Соловьеваның классификациясын толықтырғанын байқаймыз.

Ажырасу мотивтерінің жаңа аспектілері Н.В. Колокольниковтың классификациясында байқалады:

1. ----- маскүнемдік; 2. мінездерінің сәйкессіздігі; 3.

басқа адамға көз салу; 4. некеге жеңілтектікпен отыру; 5. ұзақ уақыттық бөлектенушілік (объективті

себептерге байланысты); 6. қатыгездік; 7. бас — 63-----  
бостандығынан 3 жыл немесе одан көп жылға айырылуы; 8. физикалық және жан ауруларына шалдығу; 9. ата-аналардың және басқа туысқандарының араласуы; 10. әйелдің бала көтере алмауы; 11. басқа да себептер.

Көрініп тұрғандай, бұл классификация алдыңғы екеуін толықтырады. Осыдан келіп, ғылыми тұрғыдан ажырасу жағдайының жаңа аспектілері және ажырасу мотивтерінің көлемі кеңейе беретіндігін байқауға болады.

Ажырасу жағдайы мотивтерінің әртүрлілігіне байланысты бұл мәселе бойынша мотивтерді объективті емес, субъективті түрде талқылау қажет етіледі. Ажырасушы жұптардың ажырасуының субъективті мотивтері әрқашан әртүрлі болады. Мұндай мотивтер арқылы некені бұзушылардың шынайы себептерін талдау қиынға түседі. Кей кездері шынайы мотивтер басқалармен ауысуы мүмкін. Мысалы, күйеуі әйелінің отбасында лидер болуын қаламаса, соғла ол ажырасудың себебі әйелінің нашар адам, өзінің үй шаруасын дұрысатқармайтындығымен түсіндіруі мүмкін. Сол үшін шынайы себепті анықтау ажырасу процесінің материалын зерттеу кезінде қиындық туғызады [4].

Ажырасу туралы шешім - әйел мен ерінің өмірлеріндегі маңызды оқиға. Бұған ұзақ уақыттық мотивация процесінің жүруі кіреді. Бұл - тұлғалық қажеттіліктер мен қызығушылықтар, көзқарастар, құндылықтық бағдарлары жағынан қалыптасқан көзқарас бойынша жан-жақты қарастырылып қабылданған шешім. Бұл - мінез-құлықтың өте күрделі формасы, оны шартты атауы ажырасу мінез-құлқы.

Ажырасу процесі мотивтерінің әр жағында біз есепке алмайтын басқа да себептер мен мотивтер жатуы мүмкін. Мысалы, «мінездеріміз сәйкес келмейді» деген стереотипті ойлау. Егер жұбайлар бірнеше жылдар бойы бірге тұрып, арман-тілектерін сәйкестендіретін болса, «мінезіміз сәйкес келмеді» деген себеп туындамауы қажет.

Осы мәселемен айналысатындардың зерттеулерінің нәтижесі көрсеткендей, ажырасу жағдайы кезінде ең көп эмоционалды күйзеліске түсетін - бұл әйелдер мен балалары дейді. Бірақ, ата-аналардың көбі болған жағдайдың баласына, оның ішінде бойында тұлғалық, физиологиялық өзгерістер болып жатқан жасөспірім шақтағы баласына қалай әсер ететіндігін, оған ата-аналарының арасында таңдау жасау қандай қиын тиетіндігін мүлдем ескермейтіндер кездеседі. Жасөспірімдік шақтағы балаларда көптеген өзгерістер болып қажеттіліктер аясы кеңейе түседі.

Отбасына деген қарым-қатынас өсе келе өзгереді. Олардың ата-анасының орнын енді құрдастары басатын болады (Х.Ремшидтің айтуынша бұл ата-ана «күнсыздануы»). Жасөспірімдердің басым бөлігі үшін ата-ана, әсіресе, аналары оларға ең эмоционалды жақын адамы болып саналады.

Неміс психологтары жүргізген зерттеулер мынадай қорытындыға келген: жасөспірімнің басындағы қиын сәттерінде оның ең жақын және сенімді адамы анасы, ал одан соң жағдайдың қиындығына қарай, келесі кезекте әкесі немесе достары тұратын болып шыққан [5].

Алайда, «сен өміріндегі қиын сәттерде кіммен ақылдасар едің?» деген сұрақ қойғанда ер балалар да, қыздар да бірінші орынға аналарын қойған. Ер балалар үшін әкелері екінші орында болса, қыз балаларда достары екінші орынды алып отырған. И.С. Кон осы мәліметтерге сүйене отырып, кез-келген жасөспірім қиын кезеңде анасына жүгінетіндігін анықтады.

Жасөспірімдер үшін ата-аналардың маңызды функциясы - балаға өмірлік қиын мәселелерді шешуде көмектесу, түсіндіру, ақпараттандыру, өмірлік қырларды бағалауда өз әсерін тигізу. Жасөспірім ересектердің әлеуметтік рөлін игеруге интенсивті түрде беріледі, оның қарым-қатынас жасайтын ортасы тез ұлғаяды және өз бетінше болуға барынша ұмтыла отырып, өздеріне өмірлік тәжірибені, үлкендердің кемегін қажет етеді. Ата-аналарының бұл рөлдерін жасөспірімдер өздері де сезеді.

Сонымен, біз мынадай ой түйініне келеміз, ата-аналардың ажырасуын міндетті түрде ажырасудың психологиялық моменті деп белгілеу қажет. Себебі, көптеген ажырасуларға ата-ананың ұзақ уақыттық конфликтілері түрткі болуы мүмкін деген дәлел жиі кездеседі. Ата-ананың ұзақ уақыттық конфликтілері кезінде олар бірнеше рет ажырасыға, қайта қосылуы мүмкін. Ата-ананың осындай уақытша ажырасулары әрбір баланың өмірінде маңызды роль атқарады. Мысалы, кейбір балалар өзінің анасын немесе әкесін бір ай немесе бір жыл бойы асыға күтеді. Олар мұңаяды, бірақ, дегенмен, денсаулықтары сау қалпында болады. Ал кейбір балалар ажырасқанның ертеңінде-ақ бірден өзгеріп, мүлдем басқа болып кетеді, яғни бұл баланың ажырасуды қалай түсінетіндігіне байланысты: әкесі немесе анасы мәңгіге кетіп бара ма, жоқ әлде қайтадан қайтып келе ме деген ойлардың мазалауы.

*Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Специальная педагогика», №3-4(30-31) 2012 г.*

Әр жыл сайын ажырасудың әсерінен толық емес отбасының санына 700 мың отбасы қосылып отырады, ең ауыры, бала ата-анасының біреуінде тәрбиеленеді, ажырасу баланың психикалық дамуына кері әсерін тигізеді.



Отбасындағы ажырасу жағдайымен байланысты болатын агрессиялар бар. Көптеген аналар үшін ажырасу жаңа бастау негізі болып табылады. Эрине, өткен өмір жеке басының толық қалыптаспағандығына көп із қалдырса, соғұрлым балаға ашу-ыза, ұят және т.б. сезімдерден жаза тиюі мүмкін. Ата-ананың ажырасуы қай уақытта болмасын балаға үлкен қиындықтар туғызады. Кейбір ғалымдардың айтулары бойынша ажырасулардың ұзақ уақыттық әсердің ерекше және ерекше емес түрлерін ажырата білу керек дейді. Анықталғандай, баланың ажырасуға дейінгі, ажырасу кезіндегі және ажырасудан кейін адмуының күрделі жағдайы қорғанудың протогенді процестерінің мүмкіндігін жоғарылатады. Осындай қорғану процестерінің нәтижесінде күрделі психикалық бұзылыстар және де кейіннен невротикалық ауруға шалдықтыратын аса жоғары диспозицияның болуы. Бұл невротикалық диспозицияларды ажырасудың ұзақ уақыттық әсерінің ерекше емес түрі деуге болады, өйткені ажырасуды бала өзінде өмір бойы бейсаналы түрде сақтап жүретін конфликтілердің маңызды эмоциялық факторы, яғни пайда болу факторы ретінде бағалауға болады. Балаға ажырасудан кейін көрсетілетін көмек жасалынуы қажет. Көп зерттеулерде ажырасу жағдайынан кейін көмек көрсетілетін балалар мен көмек көрсетілмеген балаларды салыстыруда балаларда едәуір айырмашылық кездескен. Мұндай балалар, яғни дер кезінде психологиялық көмек алғандар ажырасудан кейін көптеген айлар бойы конфликтіге көлемді қорқыныштарды сыртқа көрсеткен, дегенмен отбасында ата-ананың біреуімен жалпы ншеленіс өсе түскен, бірақ ажырасудан кейін отбасылық жағдай қауіпсіздікті ұсынғаны соншалықты, олар жағдайлардың өтуі барысында өздерінің қорғаныстарын біршама босата алды (әсіресе балалар әлі жеткіншектік жасқа жетпеген кезде) [6].

Қорыта келгенде, отбасындағы ажырасу жағдайы отбасы мүшелерінің барлығына, соның ішінде, жасөспірімдік шақтағы балаларының енді ғана дамып келе жатқан тұлғалық, эмоционалды, қарым-қатынас және т.б. сфераларына айтарлықтай зардабын тигізеді, Сондықтан да, отбасында ажырасуды болдырмау, олардың алдын-алу жолдарын қарастыру психолог мамандарының ғана емес, сонымен қатар, жалпы қоғам алдында тұрған үлкен міндет деп санаймын.

1. Соловьев Н.Я. Развод как предмет социологического исследования - М.: Мысль, 1996.
2. Чуйко Л.В. Браки и разводы - М.: Статистика, 1980.
3. Соловьева Н.А. Супружеские конфликты. - М.: Мысль, 1986.
4. Кабакова М.П. Стабильная семья как основа гармоничного развития личности // Поиск. 2004 №2.
5. Логушко Т. Как пережить развод. - СПб.: Питер, 2002.
6. Лофас Ж., Сова Д. Повторный брак: дети и родители. - СПб: Питер - М., 2001.

#### Резюме

В статье рассмотрены психологические проблемы развода в семье. Проанализированы его главные причины и динамика развития.

#### Summary

The article deals with the psychological problems of divorce in the family. Analyzed the main causes and dynamics of development

#### АДАМ И ҚҰПДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Э.М. Садыкова

Қазіргі таңда еліміздегі оқу-тәрбие жұмысымен байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды талап етіп отыр. Білім беру жүйесінде оқушыларға тәрбие жұмысын дамытуды да басты мақсат етіп қояды.

Қоғамдық қатынасты гуманизациялаудың және руханилықты қалыптастырудың ең бір басты құралы адамгершілік тәрбиесі болып саналады. Ал, ол қоғамның демократиялық принциптер негізінде дамуына мүмкіндік береді. Бұл мәселені шешуі көптеген жағдайда «адамгершілік тәрбиесі» ұғымын анықтаумен байланысты. «Педагогика және психологияның» түсіндірме сөздігінде адамгершілік тәрбиесі - тұлғаның адамгершілік сана-сезімін, іс-әрекетін қалыптастырып, құндылық бағдарын айқындайтын тәрбиенің түрі. Адамгершілік тәрбиесі білім, білік, дағдыларды игертумен бірге, тұлғаның ар ұжданын, танымдық қызығушылығын кешенді түрде байытады. Адамды сүюді,





оның бостандығын, құқығын, қадір-қасиетін құрметтеуді рақымшылық пен шыншылдық қасиеттерін қалыптастырады» - деген [1]. Адамгершілік тәрбиесінің теориясы мен практикасының тарихи тамыры тереңде жатыр. Адамгершілік тәрбиесі мәселелеріне Ресей ғалымдары аса зор мән берді. Егер Қазан төңкерісіне дейінгі педагогтар (К.Д. Ушинский, Н.И. Пирагов, Л.Н. Толстой және т.б.) тәрбиенің негізін тұлғаның еркі мен бас бостандығын көздейтін адамгершілік заңын қолдануды керек етеді десе, ал, Қазан төңкерісінен кейінгі ғалымдар (Н.К. Крупская, П.П. Блонский, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий, М.М. Пистрак, В.Н. Шульгин және т.б.) жаңа адамды қалыптастыру проблемасын тәрбиелеушілерде қоғамдық мақсатты іске асыру негізінде ұйымд асты руды талап етеді.

Алып ойдың кеніші - Әбу Насыр Мухаммед ибн Мухаммед ибн Тархан ибн Ұзлаг Әл-Фараби «Ақылдың мәні туралы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында» т.б еңбектерін жазып қалтырға, әділдік, инабаттылық, мейірім, жомарттық т.б. адамгершілік қасиеттерді адам бойында дарытуды көздеген болатын. Ол адамгершілік тәрбиесін бірінші орынға қойды [2].

Адамды бақытқа жеткізетін даналық жол-қайырымдылық, имандылық, адамгершілік екендігін дәлелдеді. Ал оған жетудің кілті тәлім-тәрбие, адамның өзін-өзі тәрбиелеуі екендігін айтып «адамгершілікке негізделген татулық, жарасымдылық, келісе білушілік бақытқа жеткізетін жол деп қарады. Ол жол-қайырымдылық» деп көрсетгі ұлы бабамыз. Болашаққа үлкен сеніммен қарау, соған ұмтылу ешкімді жәбірлемей, ар- намысына тимей қарым- қатынас жасау-әділет жолы. Бұл қасиеттер тәрбие арқылы адам бойына сіңетіндігіне сеніп, оған машықтандырып, жаттығуды қолдады. Тәрбие арқылы жүзеге асуға тиісті асқақ арманға толы бабамыздың педагогикалық толғанысы осыдан он бір ғасыр бұрын айтылғанымен де күні бүгінге дейін өзінің қадір- қасиетін жоймаған, қайта уақыт озған сайын жаңарып, жасара беретін пайымдаулар.

Егеменді еліміздің болашақ иегерлерінің бойына ұлы ұстаз нұсқаған адамгершілік қасиеттерді, мейірім шапағаттарды балбөбектердің сәбилік шағынан бастап дарытуға ниеттенсек, басшылыққа алсақ ісіміз табысты болары хақ.

Қазақ халқының көне тарихындағы аты әлемге мәшһүр болған ойшылдарының тәрбие жөніндегі даналық ойларын қарастырсақ, ХІ ғасырдың ұлы мұрасы Жүсіп Баласағұнның «Құтты Білік» атты еңбегі ойға оралады. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікте» адамгершілік қасиеттерді саралап көрсете келіп, осындай тәлімгерлік ойларды келер ұрпаққа бағыппаған. Бұл дастан 72 тараудан тұратын 6600 тармақ болса, онда- Әділет, Бақыт, Ақыл, Қанағат деп аталатын бейнелік есімдер арқылы аталып отырған төрт қасиет суреттелген. Дастандағы кейіпкерлер кеңесінде өмір сүрудің ережелері, мінез- құлық, ақыл-ой, адамгершілік әдептерінің озық үлгілері, дидактикалық таным- түсініктер суреттелген. Ізгілікке жетелейтін ғибраттар айтылған:

Тәрбиеші ал ізгілікті, көмесі,  
Ұл-қыз жақсы, таза болып өседі...  
Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер-дейді.

Бастауы көне ғасырда жатқан адамгершілік танымда тәрбиенің ізгілік жолы отбасынан басталатындығын Жүсіп Баласағұн дөп басып, дәл суреттеген:

Ақ сүтпенен бірге енуі жақсылық,  
Айнымайды елі, алғанша ажал, тапсырып...  
Іште біткен қылық, парыз мойныңа.

Ұлы ғалым халықтық тәрбиедегі адамгершілік, адамдық, қайырымдылық өнегелері отбасынан бастап өркендетіп, салт- дәстүрге орай бойға дарытатындығына ден қойған.

Ендеше, тәрбие ана сүтімен дарыса, адамның бүкіл өміріне жалғаса беретін құбылыс екендігін және отбасылық өнеге қандай болса, келешекте оның нәтижесі де сондай болатындығын нақты нұсқаған ол:

Егінжай бір бұл дүние көлемі,  
Немене ексең, соның ертен өнеді.  
Сенікі- шындық, менікі- ойын,  
Бой ұсындым шынға, ойынды қойдым.  
ЖІберме зая күнінді өтер,  
Өткен күн келмес, өтер де кетер-деп сәуегейлік білдіреді

Халықтың дәстүрлі сипатқа үйлесімді мінез- құлыққа тәрбиелеу- әрбір тұлғаның жарасымды

тіршілік етіп, өміріне көрік беретіндігін нұсқайды.

Кісі көңілі нәзік шиша, шарайна  
Мұқият бол, шағып алма, абайла.  
Ашуда- сақ, сабырлы бол сасқанда...  
Жылы сөзбен күле сөйле, жадырап,  
Бақыт қонып құтың тасыр жамырап...  
Жомарт сақи бол, қырсығып есірмей-деп ақш айтады.

Ұлы бабамыз құрмет тұтқан мінез-құлық жөніндегі толғаныстарын және халқымыздың дәстүрлік ғұрпы мен танымына орай айтқан әр саладағы тәлімдік болжамдарын, дидактикалық пайымдауларын өмірге жарасымды қолдана білсек, бүгінгі ұрпаққа ешбір жаттығы жоқ, өмірін көріктендіретіндік ғибраттар.

Қазақстандағы ғылымның әр саласы бойынша айтылған қадау-қадау ізденістер мен пікірлер болмаса, түбегейлі зерттеулер жазылмағандықтан, халқымыздың ертедегі дана ойшылдарының педагогикалық тағылымдары жұртшылыққа толық жетпей отыр. Оны жүзеге асыру болашақтың, яғни біздің ісіміз.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің маңызы және оның жеке тұлғаның рухани дамуына тигізер әсері туралы ой-пікірлердің қалыптасуына Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды халқымыздың ойшылдары, ағартушылары мен өнер қайраткерлерінің қосқан үлесі зор болды.

Ыбырай Алтынсарин халық педагогикасының адамгершілікті, үлкенді сыйлауды, өнеге үйретуді уағыздаған негізгі қағидаларын жақсы біліп, оны басқа халықтардың озат ой-пікірлерімен толықтырып дамытты [3]. Ол елді надандыққа қамап отырған феодалдық-патриархалдық, кертартпа отаршылдық саясатты сынай отырып, туған халқының келешегіне зор сеніммен қарайды.

Тәрбие мақсатының айналасындағы айтыс көне заманнан басталады. Көне данышпан ойшылдар тәрбиенің негізгі мақсаты-рақымшылдық, адамгершілікті тәрбиелеу екенін дәлелдеп бақты. Ал, рақымшылық, адамгершіліктің не екенін түсіндіруге келгенде, олардың ойы эртүрлі болып келді.

Платон ақыл, сезім және жігер сияқты қасиеттерді алдымен дамыту қажет деп есептесе, Аристотель ерік пен шыдамдылыққа, әділдік пен ұстамдылыққа, ақылдық пен рухани жан тазалығына көңіл бөлген.

Ағылшын философы және педагогы Дж.Локк тәрбиенің басты мақсаты-ер жігіттікті қалыптастыру «өз ісін ақшды да жан-жақты жүргізе алатын» адамды тәрбиелеу деп санаған. Сонымен қатар бұндай адам белсенді, іскер, болып, үшқыр ойлы, білімді болып келуі қажет деп есептеген.

Француз материалісі К.Гелвещий тәрбие негізіне біртұтас мақсат қажеттігін айтқан. «Мұғалімнің мақсаты-оқушылардың жүрегін адамгершілікке, ақылдарын шындыққа, ақыры соңында сезімтал да дұрыс пікірі бар жастарды тәрбиелеп, қоғам мүддесімен пікірлес патриоттар шығару».

А.И. Герцен тәрбие мақсаты-қоғамдық зұлымдықпен күресе білетін еркін, іскер, адамгершілігі мол, жан-жақты дамыған адам тәрбиелеу деп көрсеткен. Чернышевский болса, тәрбие мақсаты-қоғамға адал, таза өз мүддесін қоғам мүддесімен біріктіре алатын адамды тәрбиелеу деп санаған.

Осы ой-пікірлерді қорыта келіп, адамгершілік тәрбиесінің жалпы міндеттеріне тоқталатын болсақ:

- әрбір адамды өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған мақсат-міндеттеріне, адамгершілік қасиеттердің тұтастығына сай тәрбиелеуді қамтамасыз ету;
- адамгершілік сананы, сезімді, көзқарасты тәрбиелеп жетілдіру;
- жас ұрпақта Отанға, қоғамға, еңбекке, адамдарға, өз-өзіне деген адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу;
- ізгілік, парасаттылық қасиеттерін тәрбиелеу.

Ал, мектеп жағдайына келетін болсақ, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық міндеттері төмендегідей:

- оқушылардың белсенді өмірлік позициясын қалыптастыру;
- қоғамдық борышқа деген саналы көзқарасын тәрбиелеу;
- сөз бен істің бірлігін қамтамасыз ету;
- адамгершілік нормаларын ауытқуға жол бермеу.

Бұл міндеттерді шешу оқушыларды қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке дайындаумен тығыз байланысты. Ол баланың мектепке барған алғашқы күнінен басталады. Алғашқы еңбек дағдылары

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-31) 2012 ж.*

сабақ үстіндегі міндеттерді орындаумен байланысты туындалған. Алғашқы еңбек дағдылары сабақ үстіндегі міндеттерді мүлтіксіз орындауда басталады. Оқу-бала үшін еңбек, қоршаған органы танып- білу, жаңа ғылыми білімдерді игеру адамгершілікке тәрбиелеудің басты құралдары болып табылады,

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына балаларды интернационалдық рухта тәрбиелеу де жатады, өйткені ол адамгершілік тәрбиесі негіздерінің бірін қурайды. Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан мектепте әртүрлі ұлттың балалары оқиды, олардың бәріне бірдей білім, тәрбие беріліп, бірдей қамқорлық жағау керек. Осының өзі-ақ балалардың бір-біріне жолдастық, достық еезімін тәрбиелеудің қажет екенін көрсетеді.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу де жатады, әсіресе олардың үлкендерді сыйлау сезімін тәрбиелеу сәбилік шақтан басталады. Үлкенді сыйлау-асқаралы да асыл сезім. Үлкендердің беделін мойындау, тындау, көңіл бөлу, құрметтеу, қамқорлық жасау сияқты балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру және бұл сезімнің көрініс табуы-жақсы тәрбиенің белгісі.

Адамгершілік тәрбиесіне қарапайымдылыққа тәрбиелеу де жатады. Балаларды жөнсіз көп мақтау, артық бағалау зиянды ықпал етеді. Бұл кейде балалардың мақтаншақ, өркөкірек, жалқау болуына әкеп соқтырады, әсіресе қабілетті балалардың іс-әрекетін әділ мақтай отырып, оларға талап пен тапсырманы күшейте түскен жөн. Қайырымдылыққа тәрбиелеудің негізі-баланың адамгершілік қасиетін дұрыс әділ бағалау.

Жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі шарты-көпшілікпен өзара қарым-қатынасты дұрыс қалыптастыру. Көпшілікпен қарым- қатынас жеке адамның мүддесін көптің мүддесіне бағындыруға, бірге өмір сүруге және еңбек етуге тәрбиелейді. Көпшілік өзара қарым-қатынастың алғашқы бастауы балалардың бірлескен іс- қимылында көрініс тауып, мақсат бірлігінде, мақсатқа жету үшін жұмыла күш жұмсауда іске асады.

1. *Педагогика және психология түсіндірме сөздігі. -Алматы: Мектеп, 2002.*
2. *Кубесов А. Педагогические наследие Аль- Фараби. -Алматы, 1989. - 159 с.*
3. *Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық; мұралары. -Алматы: Рауан, 1991. - 2006.*

#### **Резюме**

В статье проведен общий обзор исследований видных ученых в области нравственного воспитания, рассмотрены общие педагогические задачи.

#### **Summary**

Article seeks disclosure of some ways to implement current educational policy in the field of inclusive education.



## РОЛЬ ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННЫХ ПРОЕКТОВ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ЛОГОПЕДОВ

К.К. Омирбекова |С<sup>К</sup>-СЛЬ^

*Мират*

В условиях модернизации системы специального образования особенно актуальной является проблемы подготовки будущих дефектологов, способных реализовать себя как личность в профессиональной деятельности. Это в свою очередь, выдвигает на первый план задачу обновления подходов к организации образовательного процесса в вузе, а именно разработка и внедрения в учебный процесс педагогические технологии, повышающих качество знаний, умений и навыков студентов.

Формы и виды педагогических технологии могут быть разнообразными и обусловлены целью и задачами программы подготовки. В качестве одного из видов способствующих повышению эффективности процесса профессионального развития будущих специалистов является практико-ориентированное обучение.

Практико-ориентированное обучение оказывает влияние на формирование ключевой информации содержания, определяющего предметную специфику того опыта, который должен быть приобретен студентом в процессе вузовской подготовки.

Одним из элементов практико-ориентированного обучения является подготовка и защита проекта по результатам специальных дисциплин или дисциплин по выбору. Практико-ориентированный проект в педагогическом процессе выполняет следующие специфические функции: методические, обучающие, воспитывающие, развивающие, диагностические.

Методические функции включают готовность к проектированию, планированию, диагностике учебного процесса, анализу корректировке результатов обучения. Обучающие функции заключаются в том, что полученные теоретические знания в процессе обучения закрепляются и проверяются в практической деятельности, таким образом формируются практические навыки и умения. Воспитывающие функции тесно связаны с практической деятельностью студента. Именно в практической деятельности обучающийся осознает особенности детей с ограниченными возможностями, формируются положительные качества личности, такие как терпение, ответственность, сочувствие, уважения, чувство долга.

Развивающие функции включают формирование и развитие необходимых профессиональных и личностных качеств. В ходе выполнения проекта полученные знания по отдельным специальным дисциплинам приобретает практический смысл, становится значимыми. Студенты не только закрепляют знания но и ищут ответы на возникающие вопросы, связанные с профессиональной деятельностью логопеда, в частности с организацией коррекционно-логопедической работы с детьми с нарушениями речи.

Диагностическая функция проекта является одним из важнейших. В процессе выполнения проекта студенты изучают состояние устной и письменной речи детей, определяют вид нарушения, на основании полученных данных в ходе обследования студент должен определить вид нарушения, грамотно сформулировать речевое заключение и отразить его в речевой карте. В процессе практической деятельности осуществляется проверка теоретических знаний, а также формируются личностные и профессиональные качества будущего специалиста.

В процессе выполнения практико-ориентированного проекта студент учится самостоятельно добывать теоретические знания и применять их в практической деятельности, связывать имеющиеся знания с реальными ситуациями и обосновать, а также отстаивать свои мысли, прогнозировать результат.

По специальности логопедия подготовка практико-ориентированного проекта осуществлялся при изучении курса «Коррекция письменной речи» и включала следующие этапы:

1. Подготовительный этап.

На этом этапе определялись тематика, цели, задачи проекта, примерное содержание и составлялся план проекта.

2. Отбор учебного материала по теме проекта.





*Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Специальная педагогика», №3-4(30-31) 2012 г.*

Оқытушының басты міндеті - осы процесті дамыта отырып, студентке педагогикалық эсер ету, оған жағдай жасау, оның шығармашылық күшінің оянуына ықпал тигізу, қызығуын дамыту, эстетикалық бейімділігі мен қабілеттілігін, соған сай жұмысқа деген дағдысы мен іскерлігін арттыру. Біздің осы міндеттерді іске асыруда жүргізген зерттеу жұмысымыздың бірі - мәтінді талдау. Біз студентті мәтін табиғатына үңілту, ойландыру, шығармашылық ізденіске баулу арқылы мәтіннің білімділік, танымдық, ақпараттық мазмұнын айқындап түсіндіре білуге жетеледік. Тіл дамыту жұмыстары шығарманы талдау негізінде қалыптасатындықтан біз талдауға кіріспес бұрын алдымен сол сабақтың мақсаты мен мазмұнын ашып алуды көздедік. Ол үшін көркем шығарма мәтінін сағатқа бөліп, сабаққа сараланды, студентгер үшін сұрау-тапсырмалар дайындалынды, олардың

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-31) 2012 ж.*  
танымдық қабілеттеріне сәйкес дербес іздендіру, студенттің өздік жұмыстары, яғни шығармашалық жұмыстар белгіленді.

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-31) 2012 ж.*

Мәтінді талдаудың мазмұны мен мақсат-міндеттеріне мыналар жатады:

1. мәтіннің идеялық мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері;
2. олардың арасындағы тығыз байланыс пен бірлестік, шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беру;
3. мәтіндегі табиғат болмысы, тұрмыс-салт, дәстүрлік ерекшеліктер, шығарманың композициясы мен жанры.

Студенттердің шығармамен таныстығы оны оқудан басталады. Мәтінді түсініп, әсерленіп оқыған дұрыс, себебі талдаудың дұрыс арнаға түсуі осыған байланысты. Сабақтың бұл кезеңі студент белсенділігін арттыруды, оқытушының ұйымдастыру шеберлігін керек етеді. Көркем мәтінді талдау арқылы студенттер өмір шындығымен, онда кездесетін қилы-қилы тағдыр тауқыметі мен жазушының позициясымен танысады. Әрине, ондай таныстық студентке жазушы сомдаған кейіпкердің іс-әрекетін, мінез-құлқын ұғынуға әрекеттену, шығарма оқиғасына қызықтыру тұрғысында болады. Бұл оқу әрекеттерін ары қарай дамыту, оларды білімдік арнаға салу, студенттерді жазушының ойын аңғаруға, кейіпкер ісіне баға бере отырып ортақтастыру сабақтың негізгі мақсаты болады. Бұл мақсатқа жету талдау сайын терендей түсетін студенттің ағылшын тілінде білім, білік дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Сол себепті талдау қиын да емес, жеңіл де емес, студенттердің мүмкіндігіне ыңғайлап ұйымдастырылуы қажет. Мәтінді талдау үшін оның мазмұнын білу жеткіліксіз.

Студент пәннің дүниетанымдық мәнін, көркем шығарманың әсемдік пен әдемілікті өмір мен өнер тұрғысынан танытудағы рөлін, сөз өнерінің тәрбие берудегі маңызын, талдау материалының өздерінің біліміне үйлесімділігі мен мөлшерін біле бастайды. Шығарманы осы деңгейде талдауға студенттер біртіндеп дағдыланады. Сабақтың қайсысы болмасын оқытушының тікелей басқаруымен етеді, үлгісін көрсетеді.

Көркем шығармалардан үзінділер оқығанда студент назарын алдымен тақырыптың мазмұнын ашуға үйреткен жөн. Бұл тың жанр болғандықтан бірден талдау мүмкін емес. Алдымен студенттермен әңгімелесе отырып сөздік жұмысын жүргізу керек. Қажетті сөздерді астынсызып түсіндірмелі түрде берген дұрыс. Осы тақырыптас көрген кино немесе оқыған кітаптары болса, пікірлесе отырып талдау керек. Ағылшын тілі сабағында студенттің тілін дамыту үшін шығарма талдаудың мынандай екі түрін қолдануға болады: іріктеп талдау; зерделеп, яғни тұтастай талдау. Іріктеп талдауда толық емес, шығарманың ең қажетті, өзекті деген мәселелері ғана талданады. Мысалы, әрбір көркем шығарма күрделі оқиға әр қилы адам әрекетінен тұратын болса, жазушының ойы, көтерген мәселесі сол суреттермен ұштасып жатады. Іріктеп талдауда солардың ішінен ең негізгісін таныту арқылы студенттерге көркем шығарманың мәні түсіндіріледі. Сол себепті студент мәтінді оқып, одан алған әсерін жинақтап қорытады.

Көркем шығарма талдаудың екінші түрі - тұтас, яғни зерделеп талдауда мәтіннің сюжетін сақтай отырып, оның әр абзацын жеке-жеке біртіндеп талданады. Көркем шығарма мазмұны, оның кейіпкерлерінің іс-әрекеттері жүйелеп талданады. Бұл жағдайда студент көркем туынды жөнінде толық мәлімет алады, бұл орайда білім тұтастығы сақталады. Студенттер көркем шығарманы осылай талдау арқылы жазушының сюжет құрау, суреткерлік шеберлігін танытып болады.

Сұрақтарға жауап оқытушының басшылығымен алынады. Жоғарыда берілген сұрақтарды талқылауға топтың бәрі міндетті. Бұл жерде студенттер жауаптарын ауызша немесе жазбаша түрде берулеріне болады. Оқытушы студенттерді ойландыра отырып, оларды өзіндік пікірін қалыптастыруға жетелейді. Сұрақтарға жауап беру кезінде студент мәтінді тірек етеді. Сол себепті мәтінді толық түсініп оқып шығу керек. Мәтінді негізге ала отырып тәрбиелік мақсатта студенттердің бойына жақсы қасиеттерді қалыптастыру, жаман қасиеттерден жирендіру қарастырылады, оқытушы жақсы мен жаман қасиеттерді ажырата білуге, өмірге қажетін таңдай білуге бағыттау қажет және мәтінді аудару, талдау барысында олардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту басшылыққа алынады.

Сөздік дәптерлеріне мәтіндегі түсініксіз сөздермен жұмыс жүргізіледі. Бірінші топ студенттеріне аудармасын оқытып, онымен таныстырып тыңдатады. Аударманы оқытушы топ студенттерін түгел қатыстырып бірге тексереді. Мұның өзі олардың өздік ойлауға ықпалын тигізіп, тілге қызығушылығының артуына түрткі болып, танымдық белсенділігін дамытуға әсер етеді. Сабақ соңында мүмкіндік деңгейге шағын шығарма жұмысын жаздыруға болады. Сабақты оқытушы қортындылайды.

Жалпы ағылшын тілі сабағында мәтінмен жұмыстың істеудің мақсаты - студенттердің рухани

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-31) 2012 ж.*  
дүниесін байытып, оларға көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру нәтижесінде - :

-----8i-----

оқырмандық тұрақты ынта-ықыласты, биік талғамды қалыптастыру негізінде, көркем шығармада бейнеленген құбылысты терең сезіммен қабылдауына қажетті білім, біліктілікті қамтамасыз етіп, олардың қисындық ой-өрісі мен тіл мәдениетін қалыптастыру болып табылады және бұл біздің зерттеу жұмысымыздың түпкі мақсаты студенттердің тілін дамытуға әкеледі. Көркем шығарманы сабақта қолдану оқытушыға көп ізденіп, ұтымды, тиімді деген әдіс-тәсілдерді шығармашылықпен қолдана отырып, замана талабына сай оқытуды міндеттейді.

Прозалық шығарма мен поэзиялық шығармаларды талдауда елеулі айырмашылықтар бар, себебі поэзия баяндамайды, ол тек суреттейді. Поэзияда ақын өз көрген-білгенін, алған әсерін ортаға салады. Өлең түсінікті терең ойлы болып келеді. Сондықтан сабақта лириканың жеке үлгілерін оқытуды, оның жанрлық табиғатынан ұғым беруді көздедік. Поэзияның объектісі - адам, адамның сезімі, адам ойының сәулесі. Оны ақын көркем образға айналдырады, өз басындағы сезім мен сырға ортақтастырады. Сөйтіп ол ақын сырын баршаның ой талғанысына айналдырады. Ал лириканың бас кейіпкері - ақынның өзі, замана тынысын, адам сезімін студент ақын сырына қарап түсінеді. Осылай авторлық сана мен сезім шығарма объектісі - өмір шындығымен, адам тағдырымен астасып, әдемі үйлестік табады. Сюжетсіз болғандықтан лирикалық шығармаларды талдағанда оның әрбір сөзіне мұқият қарап, әр ұғымның астарын терең түсіну қажет. Оқытушы студентке лирикалық шығармаларды талдағанда, ең алдымен лирикалық кейіпкердің сезімін, ақынның сөз қолдану шеберлігін таныту керек. Көпшілік жағдайда шығарманың тақырыбы мен идеясын ашу, бөлімдерге бөліп ат қойғызу, жоспар құрғызу, мәнерлеп оқытқызу, сюжеттік поэма болса, кейіпкердің бейнесін ашқызу, т.б. мәселелерге көп көңіл бөлеміз. Бұл әрине қалыптасқан талдаудың түрі, дегенмен де біздіңше көбінесе жазушының көркемдік тіл ерекшелігіне, сөзден сурет сала білген қаламгерлік шеберлігіне баса назар аударған жөн сияқты. Ақынның өз үнін есту үшін ақын сезімі мен студент тебіренісін ортақтастыра білу керек. Бұл жатқа айтқызу, мәнерлеп оқу, сөзбен, яғни бейнелі сөздерді тапқызу арқылы іске асатын жұмыс. Лирикалық шығармаларды талдағанда оның жекеленген сөздеріне түсінік бере отырып, студенттің алған әсерін бекіте түсу үшін аударма жұмысын жүргізуге болады. Оқытушы ақынның өзі, оның тарихтағы орны жайлы кіріспе ретінде аз да болса мәлімет бере кетуі керек.

Студенттерге тәрбиелік мәні зор аталы сөздерді өлең жолдарынан тапқызып, сөздік дәптерлеріне ағылшын тілінде аудармасын, синонимдері мен антонимдерін әр қайсысы өздері жазып, топпен жұмыс жасап, жазғандарын салыстырып, оқытушының басшылығымен тексереді. Оқытушы студенттен болашақ маман ретінде өздерінің борышын қалай түсінетіндері туралы сұрап, сөздіктеріне жазылған сөздерді қолдану арқылы әңгіме құрастыруға бағыт-бағдар береді.

Кейінгі кезде студенттің тілін дамыту үшін қажетті әдіс-тәсілдер көп айтылып жүр. Соның бірі - студент ізденісін арттыру, көркем мәтіннен қажетгі сөздерді, шешендік оралымдарды тауып, теріп жазу; мағынасына қарап топтау, оқу-сұрыптау; жоспар, конспект, тезистер жасау; қортынды-ларды тұжырымдау; өзінің жеке зерттеуін басқа студенттердің зерттеулерімен салыстыру; оқығанын сын көзбен бағалау; мазмұнды, яғни әрі қарай нақ ненің айтылатынын алдын ала болжап білу және өзінің гипотезасын ұсыну. Мұндай әдістерді сабақта қолдану студентті іздендіреді, шығармашылықпен жұмыс істеуге талпындырады, оқытушы бұл ретте бағыт беріп отырады. Әрбір тапсырма, әрбір қойылған сұрақ студентке түсінікті берілуі керек. Ол студенттің ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге жол ашады.

#### Резюме

В статье рассмотрены методы и приемы работы с текстом на уроке английского языка.

#### Summary

The article is about methods and techniques of working with the text at the English Lesson.

**^ АКТУАЛЬНОСТЬ ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ СЕМЬИ И  
СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОГО ДОШКОЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ ДЛЯ ДЕТЕЙ С  
ОВ**

**\*-Л.Ш. Нурмухамедова**

Современная ситуация, в которой оказалось наше общество, потребовала поиска новой модели

общественного воспитания личности в открытой социальной среде и более тесного контакта общественности и семьи. Являясь одним из важных факторов социального воздействия, семья оказывает влияние в целом на физическое, психическое и социальное развитие ребенка. Роль семьи состоит в постепенном введении ребенка в общество, чтобы его развитие шло сообразно природе ребенка и культуре страны, где он появился на свет. Обучение ребенка тому социальному опыту, который накопило человечество, культуре страны, ее нравственным нормам, традициям народа - прямая функция семьи как социального института. Но все это невозможно без систематического просвещения родителей. Согласуя свои действия с семьей, специализированный детский сад старается дополнить или компенсировать домашние условия коррекционного воспитания и обучения. Только активная двусторонняя связь может компенсировать "неполноценность" их существования, улучшить адаптацию детей-инвалидов к новым условиям, только во взаимосвязи детского сада и семьи возможно овладение различными видами деятельности, нормализовать контакты с детьми, повысить педагогическую культуру родителей. Важно, чтобы условия в семье и в специальном дошкольном учреждении не отличались друг от друга. Чтобы и дома, и в детском саду ребенок-инвалид сталкивался не с насилием, в том числе и воспитательно-педагогическим, а с пониманием, заботой и привлечением к посильному труду. Главное, чтобы ребенок, как в детском саду, так и дома, не наталкивался на стену отчуждения, чувствовал себя комфортно и уютно. Задачей дефектологов в этом аспекте является научить родителей общаться с детьми, вызвать у них нежные чувства к ребенку. Все это возможно сделать путем использования активных форм и методов работы с родителями. Научить детей общению друг с другом, научить не обижать других, проявлять сочувствие, терпимость. И это так же невозможно сделать без активного участия семьи. Несмотря на разницу в методах педагогической организации дошкольных учреждений, в том числе и в работе с родителями, вся их деятельность объединяется единой целью - воспитать свободного, развитого, ответственного человека, готового для жизни в обществе, в социуме. Важно объяснить родителям эти задачи и попытаться совместными усилиями решить их. Роль семьи в обществе несравнима по своей силе ни с какими другими социальными институтами, так как именно в семье формируется и развивается личность ребенка, происходит овладение им социальными ролями, необходимыми для адаптации в обществе. Из всех проблем, стоящих перед современной семьей, для педагога в данный момент важнейшей является проблема адаптации семьи в обществе. В качестве основной характеристики процесса адаптации выступает социальный статус семьи, т.е. ее состояние в процессе адаптации в обществе. Для плодотворного просвещения родителей дошкольников необходимо учитывать социальный статус семьи. В настоящее время выделяется четыре статуса семьи: социально-экономический, социально-психологический, социально-культурный, социально-ролевой. Перечисленные статусы характеризуют состояние семьи, ее положение в определенной сфере жизнедеятельности в конкретный момент времени, т.е. представляют собой срез состояния семьи в непрерывном процессе ее адаптации в обществе. Структура социальной адаптации семьи выглядит следующим образом: 1-й компонент социальной адаптации семьи - материальное положение семьи. Материальное благосостояние семьи складывается из денежной и имущественной обеспеченности. Учитывается уровень доходов семьи, ее жилищные условия, предметное окружение. 2-й компонент социальной адаптации семьи - ее психологический климат, т.е. эмоциональный настрой, который складывается как результат настроений членов семьи, их душевных переживаний, отношений друг с другом, отношений друг к другу. Высокий показатель уровня социально-психологического климата: благоприятные отношения в семье, построенные на принципах равноправия, сотрудничества, уважения прав личности каждого из членов семьи. Неблагоприятный психологический климат в семье является в том случае, когда члены семьи испытывают тревожность, эмоциональный дискомфорт, отчуждение. Все это препятствует выполнению семьей одной из главных своих функций - психотерапевтической, снятия стресса и усталости. Промежуточное состояние семьи, когда неблагоприятные тенденции еще слабо выражены, не имеют хронического характера, расценивается как \_\_\_\_\_ 83-----

удовлетворительное, в этом случае социально-психологический статус семьи считается средним. Уровень психологического климата семьи - еще один важный компонент для дифференцированного подхода в просвещении родителей.

3-й компонент - социокультурная адаптация, что является едва ли не главным компонентом в педагогическом просвещении. Высокий уровень культуры семьи: семья обладает широким кругом

интересов, развитыми духовными потребностями. Семья ориентирована на всестороннее воспитание ребенка и поддерживает здоровый образ жизни. В семьях с низким уровнем культуры духовные потребности семьи не развиты, круг интересов ограничен, отсутствует культурно-досуговая деятельность, слаба моральная регуляция членов семьи, семья ведет аморальный образ жизни. Средний уровень культуры характеризуется отсутствием характеристик, свидетельствующих о высоком уровне культуры, семья не осознает проблемы, не проявляет активность в направлении его повышения. 4-й компонент - ситуационно-ролевая адаптация, которая связана с отношением к ребенку в семье. В случае конструктивного отношения к ребенку, высокой культуры и активности семьи в решении проблем ее социально-ролевой статус высокий. Если в отношении к ребенку присутствует акцентуация на его проблемах - средний. В случае игнорирования проблем ребенка и негативном отношении к нему - низкий. Для организации просветительской работы дефектолог проводит анкетирование родителей, из бесед с детьми и экспресс-опроса родителей составляет характеристики категорий семей, различающихся по уровню социальной адаптации, благополучию. Деятельность дефектолога с семьей включает три основных составляющих: - помощь в образовании, психологическую помощь, коррекционно-развивающую. Основной составляющей социально-педагогической деятельности является образование родителей. Помощь в обучении направлена на предотвращение возникающих семейных проблем и формирование педагогической культуры родителей с целью объединения требований к ребенку в воспитании со стороны всех членов семьи, акцентирования совместной деятельности детского сада и семьи. Именно с такими целями проводится широкое просвещение родителей по тем или иным вопросам в зависимости от категории семьи. Из существующего множества типологий семьи задач деятельности дефектолога отвечает следующая комплексная типология, которая предусматривает выделение четырех категорий семей, различающихся по уровню социальной адаптации от высокого к среднему, низкому и крайне низкому: благополучные семьи, семьи группы риска, неблагополучные семьи, асоциальные семьи. Благополучные семьи успешно справляются со своими функциями, практически не нуждаются в поддержке дефектолога, так как за счет адаптивных способностей, которые основываются на материальных, психологических и других внутренних ресурсах, быстрее адаптируются к нуждам своего ребенка и успешно решают задачи его воспитания и развития. В случае возникновения проблем, им достаточно разовой однократной помощи в рамках краткосрочных моделей работы. Семьи группы риска характеризуются наличием некоторого отклонения от норм, не позволяющего определить их как благополучные, например, неполная семья, малообеспеченная семья и т.п., и снижающего адаптивные способности этих семей. Они справляются с задачами воспитания с большим напряжением своих сил, поэтому дефектологу необходимо наблюдать за состоянием семьи, имеющимися в ней дезадаптивными факторами, отслеживать, насколько они компенсированы другими положительными характеристиками, и в зависимости от этого подбирать другие формы и методы педагогического просвещения, нежели в первом случае. Неблагополучные семьи, имея низкий социальный статус в какой-либо из сфер жизнедеятельности или в нескольких одновременно, не справляются с возложенными на них функциями, их адаптивные способности существенно снижены, процесс семейного воспитания ребенка протекает с большими трудностями, медленно, малорезультативно. Для данного типа семьи необходима активная и обычно продолжительная поддержка со стороны дефектолога. Асоциальные семьи - те, с которыми взаимодействие протекает наиболее трудоемко и состояние которых нуждается в коренных изменениях. В этих семьях, где родители ведут аморальный, противоправный образ жизни, воспитанием детей, как правило, никто не занимается, дети оказываются безнадзорными, становятся жертвами насилия, как со стороны родителей, так и других граждан того же социального слоя. В связи с вышеизложенным, становится ясно, что работа с родителями приобретает особое значение и становится актуальной проблемой. Ведь семья стоит у истоков воспитания. Она является основным социальным институтом в формировании личности ребенка. Ведь далеко не все родители имеют достаточный уровень общей культуры и педагогические знания, необходимые для воспитания ребенка. Вот почему главные



*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-31) 2012 ж.*

усилия дефектологов и всего педагогического коллектива специального дошкольного учреждения должны быть направлены на: улучшение семейного микроклимата; формирование положительных взаимоотношений в семье; повышение педагогической культуры родителей путем их активного просвещения; формирование совместными усилиями полноценной личности ребенка, подготовке его к обучению в школе. Новый тип взаимодействия специального детского сада и семьи, использование новых форм работы является решающим условием обновления системы дошкольных учреждений. Необходимо осуществлять постоянное взаимодействие с родителями; и не только в виде психолого-педагогической-коррекционной помощи конкретным семьям, но и активного вовлечения родителей в жизнь детского сада, участие их в развивающей образовательной работе с детьми. Задача педагогов дефектологов заинтересовать родителей, предлагая им как традиционные, так и новые формы взаимодействия.

*1. Басиов Т.А. «Воспитание в семье ребенка раннего возраста со сложным сенсорным или множественным нарушением», //Дефектология.-1996-№3 - С. 47-55.*

#### **Түйін**

Мақалада мектепке дейінгі арнайы мекемелерде мүмкіндігі шектеулі балалардың өзара қарым-қатынас жасаудың өзекті мәселесін қарастырады.

#### **Summary**

Examines basic question doing mutual connection that limit child in to school special establishments in the article possibility.

#### **^МУЛЬТИМЕДИЙНЫЕ ПРЕЗЕНТАЦИИ КАК СРЕДСТВО ОБУЧЕНИЯ УЧАЩИХСЯ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ Ж.Ж. Сыздыкова, С.М. Мель**

Серьёзные преобразования в экономическом и общественном устройстве Казахстана, интегрирование страны в мировое сообщество обусловили необходимость реформирования в системе образования.

*Модернизация казахстанского образования направлена не только на изменения содержания изучаемых предметов и курсов, но и на изменения подходов к методике преподавания, расширение арсенала методических приёмов учителя, активизацию деятельности учащихся в ходе занятий, приближение изучаемых тем к реальной жизни через рассмотрение ситуаций и поисков путей решения наиболее острых общественных проблем.*

В последнее десятилетие XX века началась разработка психолого-педагогического подхода к целенаправленному, поэтапному внедрению компьютерной техники в качестве нового средства обучения детей дошкольного и школьного возраста с особыми образовательными потребностями.

Одним из примеров использования компьютерной техники в практике специального образования является мультимедийная учебная презентация.

Мультимедийная учебная презентация в педагогике определяется как электронное учебное пособие, представляющее собой набор слайдов на определенную тему, разработанное с помощью компьютера.

Мультимедийная презентация - один из эффективных методов организации обучения на уроках, мощное педагогическое средство, выходящее за рамки традиционной классно-урочной системы. Внедрение этой деятельности позволяет учителю организовать освоение современных информационных технологий, сформировать у учащихся необходимые навыки самостоятельной работы с современными системами, позволяет одновременно использовать различные способы представления информации: таблицы, изображения, анимацию и т.д., т.е. каждый слайд может включить в себя различные формы представления информации.

Презентации, как наглядные пособия, помогают учителю излагать учебный материал, формируют навыки наблюдения, обеспечивают прочное усвоение учащимися знаний, повышают интерес к предмету. Специфическое назначение приобретают презентации на всех этапах урока. Слайд-фильм позволяет сократить время при проверке домашнего задания, повторения, изложения нового материала, закрепления, правильно понять цель и ход предстоящей работы, предупредить многие ошибки, ускорять процесс выполнения заданий.

Одной из доступных программ является компьютерная программа Microsoft Office PowerPoint, с



помощью которой можно создавать разнообразные мультимедиа презентации, слайды по различным темам урока, вносить коррективы в последовательность изложения учебного материала, дозировать учебную информацию в зависимости от подготовленности учащихся, насыщать урок различной информацией, иллюстрациями, звуком и т. д. Программа PowerPoint даёт возможность показывать на большом экране карты, рисунки, схемы.

Мультимедийная презентация позволяет сочетать в себе элементы разных видов компьютерных программ (демонстрационные, контролирующие, моделирующие, справочные и программы-тренажеры) и целый ряд функций. Учебный материал, представленный в виде разнообразных носителей информации: тексты, иллюстрации, исторические карты, видеофрагменты, дикторский текст, музыкальное сопровождение, компьютерная анимация способствует активизации учебной деятельности, воспитанию интереса к изучаемому предмету.

В практике обучения учащихся с ограниченными возможностями следует учитывать ряд условий при создании мультимедийных презентаций: уровень понимания необходимости и сформированности потребности у учителей в применении презентаций при обучении учащихся с интеллектуальной недостаточностью, а также уровень компьютерной культуры педагога; оснащённость учебных кабинетов современной компьютерной и проекционной техникой; учет особенностей методики преподавания учебных предметов в специальной (коррекционной) школе и, в частности, специфики применения ТСО при обучении определенной категории учащихся; учёт их психолого-педагогических особенностей; наличие методического сопровождения по созданию мультимедийных учебных презентаций и др.

Для решения образовательных, воспитательных и коррекционно-развивающих задач урока в процессе обучения используются различные виды мультимедийных презентаций: информационно-иллюстративные, презентации-игры, презентации-тесты, комбинированные презентации.

В соответствии с данными видами мы выделили ряд функций мультимедийных учебных презентаций как средства обучения учащихся с ограниченными возможностями: информационную, иллюстративную, систематизирующую, функцию закрепления и самоконтроля, воспитательную и коррекционно-развивающую.

Информационная функция презентации заключается в том, что посредством её демонстрации за короткий промежуток времени передается такой объем сведений, который невозможно представить при словесном изложении с использованием других средств обучения, имеющихся в распоряжении учителя.

Мультимедийная презентация при объяснении учителя выполняет иллюстративную функцию. Использование крупных, красочных изображений, исторических карт, фрагментов учебных кино-видеофильмов и телепередач, адаптированных с учетом познавательных особенностей умственно отсталых детей, окажет положительное влияние на формирование более четких представлений об изучаемых процессах и явлениях.

Презентация может использоваться в различных учебных ситуациях: в процессе рассказа учителя и учащихся, при обобщении и закреплении материала. Желательно, чтобы демонстрация мультимедийного пособия сочеталась с работой по карте, по тексту учебника, выполнением упражнений в тетрадях на печатной основе, в контурных картах, с моделями, муляжами и т.п.

Управление сменой слайдов мультимедийной презентации осуществляется учителем, поэтому темп предъявления информации с экрана устанавливается в соответствии с возможностями умственно отсталых детей. Фрагментарный показ позволяет давать информацию в небольшом количестве, что способствует лучшему усвоению материала.

Включение в презентацию заданий, тестов, вопросов, дидактических игр разного уровня сложности позволит актуализировать имеющиеся у детей знания, закрепить и обобщить полученные в ходе урока сведения, осуществляя индивидуальный подход к учащимся. При возникновении ситуации затруднения есть возможность неоднократного возвращения к нужному слайду, для уточнения, получения подсказки в виде разъяснения или выбора варианта ответа. Показ на экране правильного ответа, будет способствовать выполнению учащимися самопроверки.

Приступая к созданию презентации, в первую очередь, необходимо четко определить: цели, которые надо достичь в результате поведения урока, задачи, которые предстоит решить в ходе урока, ; 86

мотивацию класса восприятия учебного материала, технические условия проведения урока, предварительный проект использования электронного документа.

При подготовке мультимедийных учебных презентаций мы придерживаемся следующих критери-

ев по оформлению слайдов:

**Стиль.** Необходимо соблюдать единый стиль оформления. Избегать стилей, которые отвлекают от самой презентации.

**Вспомогательная информация** (управляющие кнопки) не преобладает над основной информацией (текст, рисунки).

**Фон.** Для фона выбираются более холодные тона (синий или зеленый).

**Использование цвета.** На одном слайде, как правило, использовать не более трёх цветов: один для тона, один для заголовка, один для текста. Важно подобрать правильное сочетание цветов для фона и шрифта. Они должны контрастировать, например, фон - светлый, а шрифт - темный, или наоборот. Текст располагается на контрастном фоне так, чтобы он читался легко, без напряжения. Особое внимание обращать на цвет гиперссылок (до и после использования).

**Анимационные эффекты.** Анимация полезна как способ постепенного появления тезисов на экране. При создании презентаций мы стараемся не злоупотреблять различными анимационными эффектами, они не должны отвлекать внимание от содержания информации на слайде.

**Содержание информации.** Заголовки должны привлекать внимание учащихся. Для них используются короткие слова и предложения.

**Расположение информации.** На разработанных слайдах информация располагается горизонтально. Наиболее важная информация располагается в центре экрана. Если на экране располагается картинка, то надпись располагается либо под ней, либо справа от нее. Расположение надписи зависит от размера картинки.

**Шрифты.** В процессе создания слайдов используются так называемые рубленые шрифты (например, различные варианты Arial или Tahoma), причем для заголовков используются шрифты не менее 24, для информации - не менее 18. Предпочтительно не пользоваться курсивом или шрифтами с засечками, так как при этом иногда восприятие текста ухудшается. В некоторых случаях лучше писать большими (заглавными) буквами (тогда можно использовать меньший размер шрифта). Иногда хорошо смотрится жирный шрифт. На слайдах не смешиваются различные типы шрифтов в одной презентации, практически не используются прописные буквы (они читаются хуже строчных).

В слайдах используются следующие **способы выделения информации:**

1. рамки, границы, заливка;
2. разные цвета шрифтов, штриховка, стрелки;
3. рисунки, диаграммы, схемы для иллюстрации наиболее важных фактов.

**Объем информации.** С учетом особенностей восприятия учащихся с ограниченными возможностями, его объема, скорости, целостности и т.д., на одном слайде содержится небольшой информации: ученики могут одновременно запомнить не более трёх фактов, выводов, определений. Наибольшая эффективность достигается тогда, когда ключевые пункты отображаются по одному на каждом отдельном слайде.

**Виды слайдов.** Для обеспечения разнообразия в учебных презентациях можно использовать разные виды слайдов:

- с текстом;
- с таблицами;
- с диаграммами;
- с видеофрагментами;
- с демонстрациями.

**Навигации.** При проведении уроков с использованием мультимедийных презентаций педагог сам определяет, что показывать и в какой последовательности. Это очень важно при работе с умственно отсталыми учащимися, учитывая их особенности восприятия.

Таким образом, практика обучения показывает, что активное внедрение компьютерных технологий расширяет возможности умственно отсталых детей в получении информации, но еще в большей степени создает условия для вербализации обучения, так как мультимедийные технологии используют визуальный и слуховой каналы получения информации и способны сформировать адекватный зрительный образ и стать эффективным средством наглядности в коррекционно-развивающей работе с детьми с ограниченными возможностями развития.

*Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Специальная педагогика», №3-4(30-31) 2012 г.*

*Дефектология. — 1994. — №6. - С. 15-18.*

*3. Кукушкина О.И. Использование информационных технологий в различных областях специального образования: Автореф. дис. доктора пед. наук. - М., 2005. -20 с.*

*4. Никольская И.А. Информационные технологии в специальном образовании // Коррекционная педагогика. -2004. - №2. - С. 47-50.*

*5. Малофеев Н.Н. Новые информационные технологии в специальном образовании: проект «нетрудоспособные дети и инвалиды» //Дефектология. — 1991. — № 5. — С. 3.*

#### **Түйін**

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үрдісінде мультимедиялық тәсілдерді қолданудың ерекшеліктері және оны дайындау барысында басшылыққа алатын критерилер қарастырылады.

#### **Summary**

**Possibility limit children, features application multimedia methods on tendency educating and him examines criteries, that cooking accept to guidance flow.**

### **V ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҮЙЫМДАСТЫРУ (ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ)**

**Абдикаримова,  
А.Б. Аймуханова**

Біздің еліміздің Конституциясында «Барлық балалар орта білім алуы тиіс», - деп жазылған, бірақ, өкінішке орай, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту бүгінгі күні маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Мүмкіндігі шектеулі балалар саны жыл өткен сайын артып келеді, сондықтан да оларға білім беру процесін дамыту қажеттілігі де өсіп отыр. Арнаулы психологияның негізін салушы ғалым Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша, «Дені сау бала мен мүмкіндігі шектеулі балалар бірдей заңдылықпен дамиды. Демек олардың даму факторы бірдей. Ақыл ойы жағынан артта қалған бала дені сау бала өтетін даму деңгейінен өтеді, бірақ сәл шабандау және өзінің арнайы ерекшеліктері деңгейінде». Қазіргі кезеңде олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, біз оларға дені сау балалармен бірдей білім алуына жағдай жасау көзделіп отыр [1]. Қазақстан Республикасының білім беру саласын дамыту жөніндегі 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында аса маңызды міндеттердің бірі, «мектепте инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру» екендігі атап көрсетілген. [2]. Осы бағдарлама негізінде инклюзивті білім беру-мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып- үйретудің бір формасы. «Бәріне бірдей мүмкіндік» қағидасын ұстанатын инклюзивтік білім берудің енгізіле бастағанына көп бола қойған жоқ. Бұл термин көбінесе «Сапалы білім - барлығы үшін» түсінігімен бірге қолданады. Яғни жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім алуына, жағдай жасау. Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбіне арнайы мектеп интернаттарда білім алады. Шындығында олар оқшауланған, қоғамдық өмірге аса бейім емес. Мәселенін бұлай қалыптасуына бүгінгі қоғамның да кінәсі бар. Өйткені біз мүмкіндігі шектеулі жандарға мүсіркей қараудан арыла алмай келеміз. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау енді-енді қолға алына бастады. Инклюзивті білім берудің негізі мектептегі барлық балаға олардың ерекшеліктерінен тыс сапалы білім беру болып табылады.

Осылайша, Қазақстан Республикасында 2020 жылға қарай инклюзивті білім беру жүйесі енгізіледі. Инклюзивті білім үшін жағдай жасайтын мектептердің үлесі 2020 жылға қарай мектептердің жалпы санының 70%-ға ұлғаяды, мүгедек балалар үшін «кедергісіз қол жеткізуді» жасайтын мектептердің үлесі мектептердің жалпы санынан 20%-на, инклюзивті біліммен қамтылған балалардың үлесі даму мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы санынан 50% құрайтын болады. 2010 жылғы көрсеткіштер бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған инклюзивті білім беруші білім ордалар саны орта есеппен біздің елде 9% құрауда, Қарағанды қаласындағы көрсеткіштерде осыған жақындауда [2].

Бүгінгі күні оқушылар құрамында әртүрлі психикалық дамуы бұзылған балалар саны көбейгені байқалады, Жалпыға бірдей білім беру мекемелеріне арнайы білім алуға мүқтаждығы бар кемтар балалар көптеп келуде. Бүгінгі күні кез келген сынып немесе мектеп инклюзивті болып қалуы әбден мүмкін, себебі олардың қатарында дәл осындай білім алуға мүқтаждығы бар балалар кездесетіні аян [3].

Осы жобаны жүзеге асыру нәтижесінде Қарағанды қаласының № 27 жалпы білім беретін мектеп негізінде инклюзивті білім беруші эксперимента сыныптар ұйымдастырылды. Жоба нәтижесінде мектеп ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсететін медициналық-педагогикалық, әлеуметтік- психологиялық қолдау қызметін жасайтын кабинет құрылды. Бұл қызметте: директордың тәрбие ісіндегі орынбасары, дефектолог, тьюторлар, логопедтер, психологтер, медициналық қызметкер қызмет атқарады. Бұл құрылған қызмет жұмысы: диагностикалау, түзетуші-дамьпушы, консультативті жұмыстар атқарады.

Бұл мектепте қазіргі кезде мүмкіндігі шектеулі балалар саны өте көп. Олар: есту, көру, сөйлеу, тірек- қимыл аппараты зақымдалған балалар және психикалық дамуы тежелген оқушылар. Жалпы саны 151 оқушы. Әзірше эксперименттер 2-ші,3-ші қазақ сыныбымен, 5-ші, 6-ші, 8-ші орыс сыныптары алынды. Әр сыныпқа бір тьютерден бекітілген.

, Медициналық-педагогикалық, әлеуметтік- психологиялық қолдау қызметінің мамандар командасы балалармен және ата-аналармен өз бағыттары бойынша жұмыс жасауда.

Логопед баланың сөйлеуі дамуының деңгейін анықтайды, сөйлеу картасын толтырып, түзету әдістерін таңдайды,сөйлеу аппаратын дамыту және түзету бойынша жеке және топтық сабақтар жүргізеді. Бала айна алдында эртүрлі артикуляциялық жаттығулар жасайды. Логопедтік қол шатыр көмегімен массаж қабылдайды.

Дефектолог баланың жеке қасиеттерін ескере отырып, оның қабілеттері мен дағдыларын анықтайды. Танымдық процестерін, сенсорикасын, ұсақ және жалпы моторикасын дамытуға бағытталған дамыту және түзету сабақтарын өткізеді. Сабақ саусақ жаттығуларынан басталады. Дидактикалық, сюжеттік-рөлдік ойындар көмегімен, сурет бойынша әңгімелеу, сурет салу, ермексаз сабақтары, ұсақ және жалпы моторикасын дамытуға бағытталған ойындар арқылы баланың танымдық және шығармашылық сапаларын дамыту бағытында жұмыс атқаруда.

Психолог баланың психологиялық жағдайы мен дамуын анықтайды, баланың танымдық, эмоциялық-еріктік және жеке басы сапасын дамыту және түзетуге бағытталған жұмыстар жүргізеді: баланың өзіне және айналасындағыларға көзқарасы, өз эмоциясын басқара білу қабілеті, әлеуметтік ортада өзін қолайлы сезінуі, танымдық саласының деңгейі, өзін-өзі бағалауы т.б. Тренингтер, танымдық ойындар мен жаттығулар, релаксация, арттерапия, аутотренингтер баланың психологиялық дамуына жәрдемдеседі. Психолог түрлі мәселелер бойынша ата-аналар мен педагогтерге консультация береді, топтағы, отбасындағы эмоциялық ахуалға бақылау жасайды.

Тьютор (ағылшын тілінен tutor- сөзі) «қамқоршы», «жетекші» деген мағынаны білдіреді. Оқушыларды дербес жұмыс жасауға, іскерлік белсенділікке баулып,оқу процесіне еркін енуіне көмектеседі. Тьютор оқушылармен, пән мұғалімдерімен жеке сұхбаттасу, кеңестер мен тренингтер жүргізу арқылы әр баланың сұранысын анықтап, оқу материалын игеру деңгейіне сай біліміндегі алқышықтардың орнын толтыру үшін қосымша жеке сабақтар алуына ықпал етеді. Тьюторлық қызмет оқушылардың оқу әрекетін ұтымды ұйымдастырып, олардың интеллектуалды дамуын жаңа сатыға көтереді деп сенеміз.

Кабинет жұмысы тек балалармен ғана емес, олардың ата-аналарымен де жұмыс жасауға бағытталған. Эртүрлі іс шаралар, жиналыстар консультациялар өткізіледі. Ата-аналар балаларының сабақтарына қатыса алады, мамандар оларға баланы тәрбиелеу мен оқыту бойынша ұсыныстар жасай алады. Олар балаларымен бірге ертеңгіліктер мен мерекелік шараларға белсене қатысады. Шараларға қатысу арқылы бала шығармашылық жағынан ашылады, сенімділікке ие болады, әлеуметтік жағынан бейімделеді. [1].

Біздің мақсатымыз рухани дамуы үшін психологиялық-педагогикалық жағдай жасау, өз-өзіне сенімді, белсенді, сау балалармен қарым-қатынас жасауға үйренген, өзіне-өзі қызмет жасай алатын, болашаққа оң көз қараспен қарай алатын бала тәрбиелеу.

Қорыта келе, келешекте барлық білім беру ұйымдарында осындай кабинеттер ашылып, мүмкіндігі шектеулі балалар әлеуметтен шет қалмайды, толыққанды өмір сүріп, қуанышқа толы жүреппен өмір сүреді деп үміттенеміз. Сонымен қатар, ең бастысы: мүмкіндігі шектеулі балалардың қатарда болуы сау құрбы-құрдастарына мейірімділік, толеранттық, әділдік және тағы басқа да жалпы адамзатқа тән жақсы қасиеттер туралы ой салып, сол құндылықтарды игерулеріне ықпал етеді.

1. Нурғалиева П.Д. Ерекше талаптары бар балаларға инклюзивті білім беру. // Мектепке дейінгі ұйым басшысының анықтамалығы. 2012. - №9, - б. 35-37.

2. Давлетпаева Т. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту жұмыстары. //

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3-4(30-31) 2012 ж.  
Дефектология. 2011.-№3,- б. 31-32

3. Есенгазы Н. Инклюзивті білім беруді дамытуда психологиялық - медициналық - педагогикалық; кеңес берудің рөлі //Дефектология. 2012. -№3, - б. 3

#### Түйін

Бұл мақалада жалпы білім беру мектептерінде инклюзивті оқытуды ұйымдастыру мәселесі қарастырылады.

#### Summary

In schools of what common form in it the article, inkluzivtion, to study examines question association.

### У ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН ОҚУШЫЛАРҒА МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІ ҚОЛДАНУ

^ Б.М. Зарубаева

Математика пәні бойынша бағдарламада берілген материал көлемі өте аумақты. Сондықтан да математиканы бағдарламаға сәйкес меңгеру психикалық дамуы тежелген оқушылар үшін айтарлықтай қиындықтар туғызады. Себебі, психикалық дамуы тежелген оқушылардың зейіні тұрақсыз, тез әлсірейді, қабылдаулары нашар, есі әлсіз, ұмытшақ, ойлау әрекеті жақсы жетілмеген. Сондықтан мұғалім мен оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға, ойлау әрекетінің олықтығын түзетуге және дамытуға бағытталған жұмыстар талап етіледі. Барлық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақтың қызықты өтуіне жағдай тудырылуы қажет. Демек, педагогтың негізгі мақсаты - баланың көңіл-күй дайындығын қамтамасыз ету.

Егер мұғалім өз жұмысын баланың ынтасын жоймай, оны қорқытып, қорламай, керісінше оң әсер етіп, оқуға құлшынысын қолдап, дамытатындай етіп ұйымдастырса, оқушының оқудағы нәтижесі айтарлықтай жақсарады. Психикалық дамуы тежелген оқушыларға тән ерекшеліктердің бірі, эмоционалды қозғыштықтың жоғарылығы, яғни көңіл-күйлерінің тұрақсыздығы. Олар өз істеріне баға бере алмайды, өз кемшілігін көрмейді, өзін-өзі бағалауы тым жоғары болса, кейбірінде керісінше өзіне-өзі сенбеушілік байқалады. Тапсырма орындау барысында сәл қиындық кездесе, немесе кей іс- әрекет қанағаттандырмаса балалар жай күйзелісіне түседі. Тежеулері әлсіз, өзінің талабына, сезіміне, қабілетіне деген төзімі төмен [1].

Өтілген материалдарды үнемі бір деңгейде қайталау немесе жаңа сабақтарды бір үрдіспен өткізу оқушылардың оқуға деген қызығушылығын тежейді, оларды жалықтырады. Бұл өз кезегінде үнемі ізденіс болмаған соң, яғни танымдық материал «бала дамуының таяу аймағында» (Л.С. Выготский) болмаған соң оның психологиялық және ой санасының даму мүмкіндігін баяулатады. Ал психикалық дамуы тежелген оқушылар үшін бұл дамымай бір деңгейде қалу дегенді білдіреді. Кей жағдайларда психикалық дамуы тежелген оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты материал қабылданбақ түгілі ұмытылып қалады. Сондықтан сабақты дәстүрлі емес әдістермен, оның ішінде балаға қанымен берілген, бойына сіңірілген ұлттық салт-дәстүр, дүниетаным, ойындар арқылы түрлендірсе психикалық дамуы тежелген оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, оқу үлгерімі жақсарады.

Халық педагогикасы - болашақ азаматты жан-жақты жетілген ізгілікті, мейірімді етіп тәрбиелеуде педагогика ғылымының негізгі көзі болып табылады. Сондықтан да бастауыш мектеп бағдарлама-сында ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы материал молынан алынуы тиіс. Әсіресе математика пәнін оқытуда ұлттық өлшем, шама, туыстық қатынастар, т.б. алуға болады [2].

Мысалы, жеті атасын білу дәстүрін «7» санына байланысты 1 сыныпта өтуге болады. Әр оқушыға өзінің жеті атасын үйретеді, ал мұғалім жеті ұрпақтың мәнін ұғындырады. Ата - әке - немере - шөбере - немене - шөпшек - туажат. «Жеті атасын білмеген жетесіз» мақалының мәнін ашып көрсетіп, оқушыларды өзінің шығу тегін құрметтеуге баулиды. Сонымен бірге «7» санын өтуде «Жеті қазына» «Жеті жұрт» ұғымдарын да алуға болады. «4» санымен сәйкес «төрт түлік мал»: түйе, жылқы, сиыр, қой ұғымымен, «дүниенің төрт бұрышы»: оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс ұғымдарын енгізуге

болады. Бұл оқушылардың санасында кеңістікті бағдарлау машығының қалыптасуына әсерін тигізеді. Сол сияқты өлең-жұмбақтардың мәні де ерекше, жұмбақтар оқушылардың саналы ойлау қабілетін, вақтырақ айтқанда логикалық ойлау дағдыларын жетілдіреді, әр баланың зеректігін,

*Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Специальная педагогика», №3-4(30-31) 2012 г.*

аңғарымпазды-ғын, топтау және салыстыру қабілеттерін жетілдіреді. Мысалы, түйеқұс ұшып келеді, аңшы олардың біреуін атып алады, нешеуі қалады? (жауабы: ештеңе, себебі олар ұшпайды).

Қазақ халық санамақтары балаға жақсы таныс қоршаған дүние заттары мен адамдар өмірінің хыныс-тіршілігі арқылы өлеңмен сан үйрету тәсілі іспеттес. «Санамақтарды халық негізінен, жас оалаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады». Сондықтан санамақтарды бастауыш сыныптарда математиканы оқыпудың құралы ретінде пайдаланудың маңызы зор, олар сан ұғымын саналы түрде түсінуді жаңа сатыға көтереді, он көлеміндегі сандардың нөмірленуін игертуге септігін тигізеді, балаларда санның натурал қатары жөнінде түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

